ДАРА ДАНА

6-БЕТ | ТҰЛҒА

ЖҮЗ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЗУМЕН ЖАҒАЛАСЫП...

10-БЕТ | РУХАНИЯТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Көптеген елдің, тіпті, көрші елдердің өзінде ірі кәсіпкерлер мемлекетке алақан жаймайды. Керісінше, туған елін дамытуға өз еркімен қыруар қаржы жұмсайды. Осы елде кәсібін жасап, байыған адамдар қара басының ғана емес, елдің де қамын ойлауға тиіс деп санаймын. Олар жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре білуі қажет. Елге жанашыр іскер азаматтар бізде де аз емес. Мұндай азаматтар қоғамға қажетті көптеген жобаға қаржы салып, игі істердің басы-қасында жүр. Қайырымдылық және волонтерлік бастамаларға демеушілік жасап келеді. Мемлекет те отаншыл азаматтарды өзгелерге үлгі етіп, оларға қолдау көрсетеді.

№41
(4629)
Сенбі
6 сәуір
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕЛ БОЛЫП АПАТТЫ ЕҢСЕРУІМІЗ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Президент сапар барысында өңірдің қарғын су басқан аумақтарын тікұшақпен аралап көріп, эвакуацияланған тұрғындармен кездесті. Сондай-ақ төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді. «Бірқатар аймақты қарғын су басып қалды. Кейбір жерде тасқын су көтеріліп жатыр. Бұл – табиғи апат. Қысқасы, алдымызда тұрған жұмыс өте ауқымды. Бәріміз бір ел, бір ұжым болып осы апатты еңсеруіміз керек. Басқа жол жоқ. Тасқын судың салдарын жою үшін нақты шаралар қолға алынды» деп мәлімдеді ел Президенті төтенше жағдай жөніндегі жедел штабтың отырысында.

АСТАНАДАН – ӨҢІРЛЕРГЕ...

Астанадан су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 250 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жөнелтілді.

Елордада 9 гуманитарлық көмек қабылдау пункті бар, жинауға 30-ға жуық ерікті ұйым атсалысып жатыр. Күн сайын 200-ден астам ерікті қажетті заттарды сұрыптап, жөнелтеді. Ниет білдірушілер жылы киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмек, алғашқы қажеттілік заттарын әкелуде.

Amanat партиясының Астана қалалық филиалы «Жастар рухы» жастар қанатымен, қала әкімдігінің қолдауымен «Астана жастары» ЖРО еріктілерімен, қалалық мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдар, шағын, орта және ірі бизнес өкілдері 250 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жинады.

(Соңы 4-бетте)

КӨМЕККЕ ҮЙ САЛЫНАДЫ

«Қазақстан халқына» қоры арқылы су тасқынынан зардап шеккендерге 630 миллион теңгеден аса қайырымдылық көмек жасалды.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры бейжай қарамайтын қазақстандықтардың су басқан өңірлерде тұратын отандастарына көмектесуге деген ұмтылысын назарға ала отырып, тиісті қаражатты жинауға дайын екенін мәлімдеді.

Қор Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың табиғи апаттан зардап шеккен барлық тұрғындар мен өңірлерге барынша қолдау көрсетуге шақыруын қолдай отырып, ауылдық жерлерде жалпы сомасы 5 млрд теңгеге 200 үй салуды қаржыландыратынын хабарлады.

«Біз барлығын ашық түрде жүргіземіз және егжей-тегжейлі есеп береміз. Қордың шоттарына компаниялар мен жеке тұлғалардан 630 млн теңгеден астам сомаға қайырымдылық жарналары түсті. Бұл қаражат 1-30 сәуір аралығында жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен зардап шеккендерге ауылдық жерлерде тұрғын үй салуға жіберіледі» делінген хабарламада.

ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ ЖАБЫЛАДЫ

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының жанындағы жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі реконструкциялау жұмыстарын жүргізуге байланысты 5 сәуірден бастап толығымен жабылады.

Елордалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша демонтаждау жұмыстары кезеңінде Д.Қонаев көшесінің Қабанбай батыр даңғылынан Тұран даңғылына дейінгі жол бөлігі де жабылады. Маршруттардың қозғалыс сызбаларын өзгерту туралы «City Transportation Systems» ЖШС ресми сайтында (cts.gov.kz), Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде танысуға болады.

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЕЛ БОЛЫП АПАТТЫ ЕҢСЕРУІМІЗ КЕРЕК

АУМАҚТАРДЫ ТІКҰШАҚПЕН АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысының Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары қарғын су басқан аумақтарды тікұшақпен аралап көруден басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Теректі, Сырым және Қаратөбе аудандарындағы қалыптасқан жағдаймен танысты.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Президентке бүгінде 6 аудан мен Орал қаласын су басқанын баяндады. Қарғын су 552 тұрғын үйге, 427 саяжай теліміне зиян келтірген. Өңір басшысының айтуынша, су тасқынына қарсы шараларға 1911 адам, 332 техника, 101 мотопомпа, 1 тікұшақ жұмылдырылған. Сонымен қатар құтқару жұмыстарына Алматы және Маңғыстау облыстарының құтқарушылары атсалысып жатыр. Қарғын су басқан аумақтардан 6505 тұрғын көшірілген, жедел-эвакуациялау пункттері құрылған. Зардап шеккендерге біржолғы материалдық көмек көрсету үшін жергілікті бюджет есебінен 63 миллион теңге қаржы бөлінді. Су айдау, нысандардың жанжағын топырақпен қоршау және су жүретін құбырларды кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ ПУНКТКЕ БАРДЫ

Мемлекет басшысы БҚО Қаратөбе ауданындағы эвакуациялық пунктке барды. Президент су басқан аумақтарды тікұшақпен аралап шыққаннан кейін аудан орталығындағы Қажым Жұмалиев атындағы мектеп-гимназия базасында орналасқан эвакуациялық пунктке барды. Мемлекет басшысы гуманитарлық көмекті таратын пункттің жұмысымен танысып, су тасқынына байланысты жақын маңдағы ауылдардан көшірілген тұрғындармен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындармен әңгімелесу барысында мұндай көлемдегі тасқынның бұрын-соңды болмағанына назар аударды. Оның айтуынша, осыған ұқсас жағдай 1994 жылы болған. Бірақ биылғы тасқын одан да асып түсті. Президент шығындарды өтеу үшін мемлекет барлық қажетті шараны қабылдайтынын айтты.

«Хал-жағдайларыңызды білу үшін арнайы келіп отырмын. Бұл – бұрын-соңды болмаған үлкен табиғи апат. Сондықтан бәріміз бір ел, бір халық болып әрекет етуіміз керек. Мемлекет, Үкімет баршаңызға қол ұшын береді. Материалдық, қаржылық көмек көрсетеді. Оған еш алаңдамаңыздар. Бәрі дұрыс болады» деді Президент.

Кездесуде жергілікті тұрғындар Жақсыбай және Қалдығайты өзендеріне көпір салып беруді, сондай-ақ ауыл маңындағы бөгеттерді жаңғыртуды сұрады. Мемлекет басшысы аталған мәселе бойынша Үкіметке тиісті тапсырма беретінін жеткізді. Сонымен қатар қарғын суды халықтың игілігіне пайдалану қажет екенін атап өтті.

ЖЕДЕЛ ШТАБ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен БҚО-дағы су тасқынына байланысты төтенше жағдай жөніндегі жедел штабтың отырысы өтті.

«Қазір тиісті мекемелердің бәрі белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Бірқатар аймақты қарғын су басып қалды. Кейбір жерде тасқын су көтеріліп жатыр. Бұл – табиғи апат. Қысқасы, алдымызда тұрған жұмыс өте ауқымды. Бәріміз бір ел, бір ұжым болып осы апатты еңсеруіміз керек. Басқа жол жоқ. Тасқын судың салдарын жою үшін нақты шаралар қолға алынды. Қауіп-қатердің алдын алу жұмыстары атқарылуда. Менің тапсырмам бойынша облыстардың әкімдері жұмысқа белсенді кірісті» деді Президент.

Мемлекет басшысы су тасқынына қатысты жағдай әлі де өте күрделі екенін атап өтіп, мұндай көлемдегі тасқынның бұрын-соңды болмағанына назар аударды. Оның айтуынша, осыған ұқсас жағдай 1994 жылы болған. Алайда қазіргі су тасқыны одан әлдеқайда ауқымды.

«Мен зардап шеккен аудандарды аралап шықтым. Апаттың ауқымын, шығынды көріп отырмын. Қаншама дүние-мүлік, электр желілері судың астында қалды. Жолдар мен көпірлер шайылып кетті. Барлық негізгі мәселе шешілгеннен кейінгі ең басты міндет – қайта қалпына келтіру. Үкіметке жаңа типтегі үйлер салу немесе бұрыннан бар үйлерді реконструкциялау жөнінде арнайы жоспар әзірлеуді тапсырдым. Бұл мәселені оңтайлы шешеміз деп ойлаймын. Ахуалдың ауыр екенін бұған дейін де айттым. Үкіметтің, Республикалық штабтың жетекшілігімен облыс әкімдері бұл міндетті дұрыс атқарады деп санаймын» деді Президент.

Мемлекет басшысы облыстағы ауа райы болжамының қолайсыздығын атап өтіп, су тасқыны жағдайының ушығуына дайын болу қажет екенін айтты.

«Бұл табиғи құбылыс екенін бәріміз түсінеміз. Қардың еруі және тоңның қалың болуы салдарынан топырақтағы ылғал мөлшері жоғары болды. Содан кейін күн күрт жылынып, жауын-шашын жиіледі. Өкінішке қарай, биыл осы факторлардың барлығы қабаттасып кетті. Бұдан сабақ алуымыз керек. Су тасқыны кезеңіне жыл сайынғы дайындық жұмыстары жаз-күз мезгілдерінде басталып, үш бағытта жүргізілуі қажет. Ең алдымен, бұл – болжам, сараптама жасау сипатындағы шаралар. Гидрометеорологиялық қызмет болжам деректерін мұқият талдап, алдағы су тасқыны кезіндегі жағдайдың өрбу сценарийлерін дайындауға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы су тасқынының кері әсерін алдын ала ескертуге және жоюға бағытталған ұйымдастыру-алдын алу, инженерлік-техникалық, сондай-ақ шұғыл шараларды жүзеге асырудың маңызына тоқталды.

«Елімізде тиісті сала мамандарының тапшылығы проблемаға айналып отыр. Аталған жағдай осы түйткілді анық көрсетті. Кезінде білім саласындағы бұл бағытты елеусіз қалдырдық. Енді олқылықтың орнын толтырып, гидротехник, ирригатор, жалпы су саласына байланысты мамандарды тез арада даярлауымыз керек» деді Мемлекет басшысы.

Президент Үкіметке, уәкілетті органдарға, облыстардың әкімдеріне қысқа мерзімде жаңа тұрғын үй салу және үйлерді жөндеу, коммуналдық, әлеуметтік инфрақұрылымды тез арада қалпына келтіру үшін шаралар қабылдау, күнделікті тұтынатын азық-түлік пен аса қажетті тауарлардың бағасын бақылау жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы малдың жаппай қырылуына байланысты ушыға түскен эпидемиологиялық жағдайға арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев болашақта су тасқынының алдын алу шараларына айрықша мән беруді тапсырды.

«Көктем мезгілінде қар шығару, өзендердің қауіпті учаскелеріндегі мұзды жару, қарғын су жүретін арналар жасау және басқа да қажетті шаралар алдын ала жүргізілуге тиіс. Жаз-күз маусымында өзендердің арналарын уақытылы тазалауды, табанын тереңдетуді және сағаларын кеңейтуді, автомобиль мен теміржолдардың бойындағы қолданыстағы су өткелдерінің қуаттылығын арттырып, жаңасын салу қажет. Қорғаныс бөгеттері мен су жүретін каналдар салу керек. Бұл міндет Республикалық штабқа және Үкіметке жүктеледі» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент суы мол өзендердің арнасын реттеу үшін су қоймаларын салу маңызды екенін айтты. Соның арқасында көктем-жаз мезгілінде шаруашылық үшін қажетті су қорын сақтауға мүмкіндік болады.

«Табиғи және техногенді апаттардың алдын алу үшін Төтенше жағдайлар министрлігіне орталық және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жүргізу құқығын беру керек. Мұны заң жүзінде бекіту қажет» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент мемлекеттік органдардың төтенше жағдай кезіндегі бірыңғай әрекет ету алгоритмін әзірлеу қажет деп санайды. Оның пікірінше, бұл құжатта төтенше жағдай режимін жариялаудан бастап, келтірілген шығынды өтеуге және дүние-мүлікті қалпына келтіруге дейінгі барлық құзырлы органның міндеттері мен іс-қимылы нақты қамтылуы керек.

Жиын барысында Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, «Қазгидромет» РМК бас директоры Данара Әлімбаева баяндама жасады.

ҚҰТҚАРУШЫЛАРМЕН ЖӘНЕ ЕРІКТІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары кезінде ішкі істер органдары, Төтенше жағдайлар департаменті, Ұлттық ұлан қызметкерлерінен құралған құтқарушылар тобымен және су тасқынына қарсы шараларға белсенді қатысып жатқан еріктілермен жүздесті. Кездесу барысында Президент табиғи апатпен күреске атсалысқан барлық азаматқа ризашылығын білдіріп, олар бүкіл еліміз үшін өте маңызды, игі іс атқарып жүргенін атап өтті.

«Көп ұзамай бұл жұмыстар да аяқталады. Қиындықты қалай да еңсереміз. Осында еңбек етіп жүрген құтқарушылар, полицейлер, еріктілер лайықты деңгейде марапатталады. Бұл міндетті түрде менің бақылауымда болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев бейресми кездесу өткізді. Екі ел басшылары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Қазақстан Президенті ислам өркениеті мен сәулет өнерінің жауһары саналатын Хиуа қаласында өтіп жатқан кездесудің символдық мәні бар екеніне назар аударып, барлық бағыт бойынша табысты дамып келе жатқан екіжақты ынтымақтастыққа көңілі толатынын мәлімдеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, екі ел үкіметтері қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру ісімен белсенді айналысып жатыр. Тиісті «жол карталары» жоспарлы түрде орындалып, қол қойылған келісімдер мен сауда келісім-шарттары бойынша жұмыс жүргізілуде. Өзара тауар айналымының көрсеткіштері жаман емес. Өткен жылдың қорытындысы бойынша оның көлемі 4,4 миллиард долларды құрады. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде портфелімізде инвестиция көлемі 2,5 миллиард доллардан асатын 60 бірлескен жоба бар. Оның аясында 13 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы орталығын салу жобасы да сәтті ілгерілеп келеді.

Президент қазақ-өзбек тандемі өмірлік қажеттіліктен туғанын және бірге әрі жұмыла әрекет еткенде ғана елдеріміздің орнықты дамуын қамтамасыз етуге болатынын айтты. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың 2034 жылға дейінгі бағдарламасын қабылдау бастамасын қолдады.

Кездесуде президенттер өзара тауар айналымын ұлғайту, энергетика, көлік, су шаруашылығы, IT салаларындағы ынтымақтастықты дамыту сияқты экономикалық ықпалдастықтың сан алуан мәселесі жөнінде пікір алмасты. Әңгімелесу барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарды өркендету, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстанның бірегей туристік әлеуетін пайдалану мүмкіндіктеріне айрықша мән берілді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өңірлік күн тәртібін талқылап, халықаралық құрылымдар аясындағы өзара ықпалдастық мәселелерін қарастырды.

РИМ ПАПАСЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ Парламент депутаты жұмыс сапарымен Ватикан мен Италия Республикасына барды. Сапар аясында делегация Рим Папасы Франциспен кездесті. Сондай-ақ Ватиканның дінаралық диалог жөніндегі дикастериясының және Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті.

Қазақстандық сенаторлар Италия Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарымен де кездесіп, парламентаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Рим Папасы Францискке ілтипат танытып, понтификке аудиенция үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың одан әрі нығаюына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биыл қаңтар айында Ватиканға жасаған ресми сапары айтарлықтай серпін бергенін атап өтті.

Өз кезегінде Рим Папасы Франциск Қасиетті Тақ Қазақстанның бейбітшілік пен түрлі дін өкілдері арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға арналған бастамасын қолдайтынын тілге тиек етті. Сонымен бірге ол Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысқан сәтті еске алды.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Италия Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Иньацио Ла Руссамен кездесті. Сұхбат кезінде тараптар парламентаралық қарым-қатынасты арттыру мәселесіне кеңірек тоқталды. Сапар аясында экология, жаһандық жылыну және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫН ТЕКСЕРДІ

Премьер-министр, су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны зардаптарын жою жөніндегі Республикалық штабтың басшысы Олжас Бектенов Ақтөбе облысындағы су тасқынына байланысты жағдайды тексеріп, Мемлекет басшысы тапсырмаларының жергілікті жерлерде орындалу барысымен танысты. Атап айтқанда, Үкімет басшысы бірқатар су қоймасын тікұшақпен аралап, су тасқынынан зардап шеккен үйлерге барды, сондай-ақ ахуалдық орталықтың жұмысымен танысып, Республикалық штабтың отырысын өткізді.

Сол жерде Олжас Бектенов су басқан үйлердің жай-күйін қарап, тұрғындардың баспаналарын қалпына келтіру және басқа да қосымша қолдау шараларын көрсетуге қатысты сұрақтарына жауап берді. Мәселен, әкімдік тізімдері бойынша су тасқынынан зардап шеккендер санатына жатқызылған барлық азаматқа несиелер бойынша жылдың маусым айының соңына дейін 3 айға кредит төлемдерін автоматты түрде кейінге шегеру мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар төлемдерді кешіктіргені үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар салынбайды.

Жалпы облыста тасқын қаупі әлі сейілмеген. Қазір өзендердің көпшілігінде су арнасынан асып кеткелі тұр. Өңірде 772 үй су астында қалды. Облыстың 5 ауданында (Қобда, Мұғалжар, Темір, Әйтеке би, Ойыл) және Ақтөбе қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды. Су тасқынына қарсы іс-шараларға жеке құрамнан 3140 адам, 664 техника жұмылдырылды. Барлығы 8763 адам қауіпсіз жерге көшірілді.

Олжас Бектенов көлемі 15,8 млн текше метр болатын Мағаджан бөгетін аралап көрді, онда қарғын су ағыны салдарынан Мағаджан су қоймасының бөгеті бұзылды. Ол 1985 жылы пайдалануға берілген. Гидротехникалық құрылыс жекеменшік «Тұлпар» ЖШС компаниясының иелігінде. Қызылту ауылынан 25 адам, Табантал қыстағынан 11 адам эвакуацияланды.

Болжамға сәйкес, 5-11 сәуір аралығында облыстың барлық аумағында ауа температурасы айтарлықтай жылынуы мүмкін, қатты жауын-шашын күтілмейді. Осыған байланысты су тасқынынан зардап шеккен ауылдармен қатар, қайта су алып кету қаупі жоқ аймақтардағы елді мекендердің тыныс-тіршілігін де қалпына келтіруге назар аударылды.

УӘДЕ ДЕ КӨЛКІП СУҒА КЕТПЕСІН...

Қазір еліміздің тең жартысы қарғын судың астында қалды. Жылдағы әдет. Көктем келеді, Үкіметтің көп уәдесі көлкіп суға кетеді. «Тасқынға тас-түйін дайынбыз, төтенше жағдай болса, төтеп береміз» делінетін көпірме баяндамалардан көк тиын пайда жоқ. Осыған байланысты Мәжілістің бір топ депутаты су басқан өңірлерге барып, мән-жайға тікелей қанықтық. Тұрғындармен кездесіп, нақты ахуалмен таныстық. Алдағы уақытта аталған өңірлерге тағы да барып, жағдайды бақылауда ұстаймыз.

Иә, апат айтып келмейді. Бірақ қардың қалың жауғанын көз көрді ғой. Мәселе – жергілікті әкімдіктер мен Үкіметтің арасында байланыстың жоғында. Салдармен ғана күресіп келеміз. Топан су мен сел тұрмақ, әлемде цунами мен вулканнан қорғану шараларын қабылдаған елдер бар. Ал біздің кейбір аудандарда дайын тұруы тиіс қайық пен су етіктің өзі атымен жоқ. Төтенше жағдайлар министрлігінің нормативі орындалмаған. Әкімдік пен министрліктердің арасында байып-баға жоқ. Екіншіден, су саласында білікті маман тапшы. Бір ғана болжаммен ешнәрсе шешілмейді. Гидролог, гидротехниктердің кешенді жұмысын көрмедік. Яғни ғалымдарға жағдай жасалмай, ешнәрсе түзелмейді деген сөз.

Біз күні кеше Мәжілістегі әріптестерімізбен бірге халықтың жай-күйімен, осы бағытта қолға алынып жатқан шаралармен көзбе-көз танысу үшін Орал, Арқалық, Ақтөбе, Ұлытау, Қоянды және тағы басқа өңірлерді аралап қайттық. Былтыр дәл осы уақытта Қобда ауданындағы топан су шайып өткен бірнеше үйге Amanat партиясы тарапынан құрылыс материалдарына дейін әперіп, баспана салдыртқан едік. Өкініштісі, сол үйлер тағы да суға кетті. Себебі Қобдадағы құрылысы басталған дамбаны жергілікті прокуратура жобалық құжаттамасынан кінәрат тауып тоқтатып тастаған. Сондай-ақ Ақтөбе облысындағы су басқан Құмсай ауылында мұнай компаниясы шлюзді бітеп тастап, тасыған су ауылға қарай бұрылып кеткен. Өйткені шлюз әдейі жабылғандай көрінді. Бұл мәселені жіті бақылауға алу қажет. Дәл осындай жағдай басқа өңірлерде де болуы ықтимал.

Сонымен қатар баспанасы жермен-жексен болып, балашағасымен босып кеткен ағайынның тағы бір арыз-арманын жеткізейік. Рас, Мемлекет басшысының: «Ешкім назардан тыс қалмайды, зардап шеккен тұрғындарға түгел көмек көрсетіледі» дегені – дертке дауа, көңілге медет. Бірақ комиссия шығынды есептеп, үйлер салынғанша кемі 4-5 ай уақыт кетеді. Осы кезде малмен жан бағып отырған ағайын төрт түлігін тастап қайда барады? Малы өрісте, өздері аудандағы колледжде жайбарақат жатады дейсіз бе?

Ертең ел-жұрттың есін шығаратын тағы бір мәселе бар! Алыстағы ауылдарда суға кеткен кейбір үйлердің әлі күнге дейін құжаты жоқ. Қора-қопсысы мен құлағында сырғасы жоқ малдары туралы айтпай-ақ қояйын. Қазақ ауылдағы қорасына қашан құжат рәсімдетіп еді? Оларды қайтеміз? Далада қала ма? Осы жағын да ойластыру керек.

Биылғы тасқынның беті қатты. Төтеннен келген топанға ешкім бей-жай қарап отырған жоқ. Осындағы барлық партия, әлеуметтік желідегі белсенді азаматтар, мыңдаған ерікті бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай жұмылып, көмек жинап, халыққа үлестіріп жатыр. Кейбір әріптестеріміз әлі де сол су басқан аймақтарда жүр. Біз осы жолы шалғай ауылдарда құтқарушыларға ыстық тамақ дайындап, шұлғауы мен шұлығына дейін әкеп беріп жатқан жергілікті халықты көрдік. Әсіресе күн-түн демей, қаптан бөгет жасап, әбден қажыған әр ауылдың азаматына рақметімізді айтамыз. Елдің осындай ауызбірлігін көргенде еріксіз егілесің! Алайда қауіптің басы қайтты деуге әлі ерте. Алда СҚО, Павлодар, ШҚО тұр. Алтайда қар енді ери бастады. Марқакөл мен Катонқарағайда 2 метр қар жатқанын қаперден шығармаңыздар! Торғай даласын көрдіңіздер. Ел қатынайтын жалғыз күрежолды су алды. Тікұшақ пен үлкен техникалар ғана жүре алады. Сондықтан осы өңірлерді қажетті азық-түлік, дәрі-дермек, жем-шөп қорымен қамтамасыз етуді жіті назарда ұстау керек.

Осы айтылғандарды ескере келіп, Үкіметке мынадай ұсыныстарды жолдаймыз:

1) Қазақстандағы барлық өзендердің жағасының ерекше су қорғау аумағын 4 шақырымға дейін ұзарту және тұрғын үй салу мен жер бөлу кезінде өзен, көл, су қоймасының жағасынан қашық әрі биік жерлерге қоныстандыру;

2) ірі және таулардан ағатын трансшекаралық сулар құйылатын өзендердің қар мен жаңбыр суы қосылғанда тасып кетпеуі үшін жасанды арналар жасау, аса қауіпті аумақтарда су қоймаларын салу, сондай-ақ су соратын дренаждар мен насостарды қайта орналастыру;

3) өзен, көлге жақын орналасқан ауылдарды қажетті техника, қайық және арнайы формалармен қамтамасыз ету;

4) гидротехник-инженер мамандарды даярлауға көңіл бөлу;

5) биылғы төтенше жағдай жарияланған жерлердегі шаруалардың барлық ауылшаруашылық несиелерін төлеуді 3 жылға дейін шегеру мүмкіндігін қарастыру.

Мақсат ТОЛЫҚБАЙ,
Мәжіліс депутаты

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ЖҰМЫС ЖҮРІП ЖАТЫР

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек су тасқынының алдын алу бағытында атқарып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Қала әкімінің айтуынша, елордада су тасқынына қарсы жұмыс белсенді жүріп жатыр. Коммуналдық қызметтер 7 млн 100 мың текше метрден астам қар шығарды, бұл өткен қыс мезгілінің сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 млн текше метрге артық. Өткен жылдармен салыстырғанда су тасқыны қаупі бар учаскелердің саны 20-ға дейін азайды.

– Қазіргі уақытта арық-науа желісінің 61600 метрден астамы тазартылды, 14 мың метрден астам коллектор жуылды, ұзындығы 9400 метрден астам құбыр, 4 мың дана бақылау, жаңбыр қабылдау құдығы және т. б. буландырылды. Сондай-ақ нөсерлі кәріз жүйелеріне заңсыз кірме жолдарды анықтау бойынша және т. б. жұмыстар жүргізіліп жатыр, – деді Жеңіс Қасымбек.

Сонымен қатар елорда әкімі Астана контррегуляторы мен Есіл өзенінің арнасын қайта жаңарту учаскелері тексерілгенін айтты.

«Қорғаныс құрылымының жалпы көлемі 450 миллион текше метрден асады, қазіргі уақытта нысанның толтырылу көрсеткіші шамамен 48 миллион текше метрді құрайды. Су деңгейін тұрақтандыру мақсатында нысаннан 10 м^3/с көлемінде су ағызылады.

Есіл өзені акваториясының деңгейін реттеу және қаланың орталық бөлігінде су көлігі қатынасын қамтамасыз ету мақсатында Есіл өзенінің арнасын қалпына келтіру жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстың бәрі жалғасуда. Азаматтық қорғау органдары, коммуналдық қызметтер және т. б. тұрақты дайындықта. Сол сияқты Ақмола облысында су тасқынына қарсы іс-шараларды өткізу мақсатында 100-ден астам жүк және мамандандырылған техника бөлінді» деді шаһар басшысы.

АСТАНАДАН – ӨҢІРЛЕРГЕ...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Іс-шараға қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов қатысып, су тасқынынан зардап шеккендерге көмектесуде халық қалаулыларының да жұмыла атсалысып жатқанын жеткізді.

– Бүгінде бүкіл ел көктемгі су тасқынынан зардап шеккендерге көмектесуде. Елордалық мәслихат депутаттары да шетте қалмады. Үш ауыр жүк көлігі Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарына бет алды. Олардың ішінде азық-түлік, жылытқыш, матрас және күнделікті тұрмысқа аса қажетті заттар бар. Гуманитарлық көмек жинауға елордалық және аудандық әкімдіктердің қызметкерлері, Amanat партиясының мүшелері, кәсіпкерлік субъектілері және елдегі жағдайға бей-жай қарамайтын қала тұрғындары да өз үлесін қосты. Тек екі күннің ішінде зардап шеккен өңірлерге жалпы салмағы 100 тонна 8 жүк жөнелтілді, барлық қажетті заттардың жалпы сомасы 50 млн теңгеге жуық. Елордада гуманитарлық көмек жинау акциясы жалғасуда, – деді Ерлан Каналимов.

Қостанай облысында Қазақстан жастар конгресінің волонтерлері еріктілердің жұмысын үйлестіріп, Астанадан гуманитарлық көмектің жеткізілуін қамтамасыз етіп жатыр.

– Қостанай облысында жұмыс істеп жатқанымызға 5 күн болды. Біздің волонтерлер гуманитарлық көмекті түсіріп, таратуға көмектеседі. Ең алдымен азық-түлік, моторлы қайық, генератор, резеңке етік, сол сияқты су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға қажеттінің бәрі жөнелтіліп жатыр, – деді Қазақстан жастар конгресінің жетекшісі Бағдәулет Жанділдаев.

Гуманитарлық көмек жинау жұмысына елорданың жоғары оқу орындары: М.Нәрікбаев атындағы қазақ-гуманитарлық заң университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Назарбаев университеті, Esil университеті де қосылды. Көмек көрсеткен өзге ұйымдардың қатарында The one қонақүйі, «Әсем», «Рахмет», «Шапағат» сауда үйлері және басқа да бизнес құрылымдарының өкілдері бар.

Сонымен қатар елордалық Қазақстан халқы ассамблеясы Достық үйінде су тасқынынан зардап шеккен өңірлердің тұрғындарына гуманитарлық көмек жинау мақсатында әлеуметтік шара ұйымдастырды. Көмек Ақмола және Қарағанды облыстарының тұрғындарына жеткізіледі. Зардап шеккендерге киім-кешек, азық-түлік, жеке гигиена құралдары, төсек-орын, ыдыс-аяқ және дәрі-дәрмек жиналды. Қазіргі таңда қалалық ассамблея мүшелері мен еріктілер су тасқынынан зардап шеккендерге жалпы сомасы 5 миллион теңгеден астам көмек көрсетті.

Астанада ұшқыш-ғарышкер, авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров әскери қызметшілермен кездесіп, Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысының күн тәртібі туралы айтып берді.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстанның Халық қаһарманымен кездесуге Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығына Құрлық әскерлері мен Әуе қорғанысы күштерінің әскери қызметшілері келді.

Тоқтар Әубәкіров ел Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органның жалпыұлттық диалогты жолға қоюдағы рөлін атап өтті. Ол барлығына заң алдындағы теңдікке негізделген әділ қоғам құруға бағытталған реформаларды бастаған Президентке қолдау білдірді.

– Әділетті Қазақстан билікті ғана емес, қоғамды да қалыптастырады. Ұлттық құрылтай мұның барлық қабатын біріктіруге арналған. Біз бәріміз ауызбіршілігіміз бен ынтымағымыздың, бірлігіміздің арқасында ғана бірге Жаңа Қазақстанды құра аламыз, – деді Т.Әубәкіров.

Кездесу барысында жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, тарихи құндылықтарға, қоршаған ортаны қорғауға, адам құқығына және лудоманиямен күреске қатысты сұрақтар қойылды.

– Біз қашанда мемлекеттің институты болып қала береміз. Әскери қызметшілер үшін күн тәртібінде ақпаратты білу маңызды. Түсіндіру жұмысы аясында әскери қызметшілерді Ұлттық құрылтайда айтылған тезистер мен бастамалармен таныстырамыз. Әділетті Қазақстанды құру идеясын іске асыру маңызды, – деді Құрлық әскерлері бас қолбасшысы басқармасы тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі бас басқармасы бастығының орынбасары, полковник Евгений Федоров.

Кездесу соңында Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы, генерал-майор Асан Жүсіпов қоғам қайраткері Тоқтар Әубәкіровке жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕМЕЙТІНДЕРМЕН КҮРЕС БАСТАЛДЫ

Бас қалада «Жаңа адамдар» жастар қозғалысы «Жол ақысын төлемейтіндерге жол жоқ!» атты іс-шара ұйымдастырып, азаматтық науқан аясында қоғамдық көліктерде жолақы төлемейтін жолаушыларға ескерту жасап, шара қолданатынын хабарлады.

«Жол ақысын төлемейтіндерге жол жоқ!» жобасының жетекшісі Әлішер Нусанбаевтың айтуынша, жыл басынан бері Астанада қоғамдық көліктерде билетсіз жүрген 124 мыңнан астам жолаушы анықталған. Елордалық ПД қызметкерлері 5614 азаматты әкімшілік жауапкершілікке тартып, жалпы сомасы 41 миллион теңгеден астам айыппұл салған. Бұл ақша жаңаларын сатып алуға немесе ескі автобустарды жөндеуге жұмсалуы мүмкін.

Апта сайын аталған топ мүшелері рейдке шығып, жолақысын төлемейтін жолаушыларды анықтап, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Төлемеген жағдайда, олардың видеосын әлеуметтік желіге жариялайды.

– Құрметті, жолаушылар! Қоғамдық көлікке мінген әр адам жолақы төлеуден жалтармауы керек. Біз командамызбен қоғамдық көлік тәртібін сақтамаған адамдарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуге дайынбыз, – деді Әлішер Нусанбаев.

Статистикаға сүйенсек, елордада қоғамдық көліктің 75 пайызы 10 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді. Жолаушылар автобустардың жағдайына жиі шағымданады, бірақ бұл мәселені шешу үшін не істеу керек? Жауап айқын: ақша бөлу және модернизация жүргізу.

«Жол ақысын төлемейтіндерге жол жоқ!» жобасының жетекшісі елордалықтарға ескерту жасады: егер жолаушылардың бірінің жол ақысын төлеуге 90 теңге ақшасы болмаса, онда ол үнемі жаяу жүре алады, бұл денсаулыққа пайдалы әрі қалалық автобустар жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАҢЫЗ!

Биыл елордада 1085 интернет-алаяқтық тіркелді. Азаматтарға келтірілген шығын 500 миллион теңгеден асады. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Сарыарқа аудандық ПБ басшысының орынбасары Жаслан Жақай мәлімдеді.

Жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде киберқылмыстар 11,5 пайызға азайды. Бұл ретте басқарма басшысының орынбасары алаяқтардың негізгі жұмыс схемаларын атап өтті.

– Жасанды интеллект арқылы банктің қауіпсіздік қызметкерлері немесе құқық қорғау органдарының атынан қоңырау шалатындар көбейді. Мұндай жағдайда шабуылдаушы жасанды интеллектің әртүрлі қосымшасын пайдалана отырып, олардың сыртқы түрін, дауысын қолдан жасап, сол арқылы күмәнді банк операцияларын немесе арнайы операциялар жүргізеді деген желеумен жаңылыстыруы мүмкін, – деді Жаслан Жақай.

Баяндамашы полицияның телефон арқылы да, видеобайланыс арқылы да ешкімді ұстамайтынын еске салды.

– Әлеуметтік желілерде және сауда алаңдарында тауарлар мен қызметтерді сату – интернеттегі қылмыстың бұл түрі тауарлар мен қызметтердің әртүрлі түрін ойдан шығаруды көздейді, бұл жағдайда алаяқтар әртүрлі сылтаумен жоқ тауарға алдын ала төлемді немесе толық төлемді сұрайды. Фишинг сайттарын пайдалану – алаяқтықтың бұл түрі жеке деректер мен банк ақпаратын жинауға бағытталған. Мұндай сайттар ресми сайттарға қатты ұқсас болып келеді. Шабуыл жасаушы жалған веб-сайтты пайдалана отырып, банктегі шотыңыздың толық мәліметін алады, содан кейін ол ақшаны алу үшін аударымдар және басқа да операциялар жасайды, – деді ведомство өкілі.

Криптовалюта мен бағалы қағаздарға инвестиция құятындар – материалдық жағынан жағдайы жақсы азаматтар. Олар қосымша табыс іздеп, инвестициялау туралы алаяқтардың қолына түсіп, кейіннен өздерінің жинақтары мен табысын жалған банк шоттарына аударады.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, What's App мессенджерінің есептік жазбасына заңсыз кіру – әдетте таныс контактілерден келетін зиянды сілтемені пайдаланатын алаяқ, көрсетілген сілтемені басқаннан кейін олар есептік жазбаға қол жеткізеді, содан кейін барлық контактіге қарызға ақша алу туралы өтінішпен ақпарат жібереді. Олар жалған банк шоттарына аударылады.



– Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары! Әдетте, ұтыс ойыны және балаларға дауыс беру түрінде таралатын күмәнді сілтемелерді баспау керегін ескертеміз. Қорытындылай келе, тағы бір рет атап өткім келеді, онлайн платформаларда тауарлар мен қызметтерді сатып алғанда мұқият және сақ болыңыз, жеке және банк ақпаратының құпиялылығын сақтаңыз. Күшті құпия сөздерді пайдаланыңыз және мүмкіндігінше екі факторлы аутентификацияны қосыңыз. Белгісіз біреулерге қаражат аударманыз, әр операцияны тексеріп отырыңыз, – деді Жаслан Жақай.

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

Сұлтан СЕЙІТ

КӨЛІК – ҚАЛАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Астана тұрғындары санының жылдан-жылға өсуі қоғамдық көлікке деген сұраныс деңгейін арттырып отыр. Осы орайда жолаушылар тасымалы сервисін жақсарту, қалалық көлік инфрақұрылымын дамыту және елорда қонақтары мен тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес.

Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына қарасты «City Transportation Systems» ЖШС 2011 жылы Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен құрылды. Содан бері бұл мекеме заманауи зияткерлік шешімдер мен технологияларды қолдана отырып, елорда халқының жүріп-тұруына қолайлы және қауіпсіз жағдай жасауда. Бұл ретте жаңа бағдарлар іске қосылып, кестелер саны ұлғайтылуда. Жылжымалы құрамды ауыстыру арқылы қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізіліп келеді.

«City Transportation Systems» ЖШС басқарушы директоры Орынбасар Ағбаевтың айтуынша, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін елордада 8 жаңа маршрут іске қосылды. Жыл басынан бастап жұмыс күні 74 кестеге және демалыс күні 52 кестеге ұлғайтылды. 2024 жылға да жаңа бағдарларды іске қосу бойынша жұмыстар басталды. Жаңа маршруттарды іске қосу бірінші кезекте қызмет көрсетілмейтін учаскелерде, сондай-ақ қажеттілігі жоғары жерлерде жүргізіледі.

– Қазір Астана қаласында 96 маршрутпен жүретін 1401 автобус бар. Олардың 120-сы – электробус, 20-сы – гибридті автобус, қалғаны дизельмен жүреді. Былтыр 400 жаңа автобус сатып алынды. Биыл тағы 300 автобус алу жоспарланып отыр. Жаңа автобустар Еуро-6 стандартына сәйкес келеді. Жалпы автобустар 2017 жылдан бастап 85 пайызға жаңарды. Сәуір айынан бастап халық арасында «гармошка» деп аталып кеткен 18 метрлік ұзын автобустар іске қосылады. Қазір 40 автобусқа қажетті жабдықтар қойылып, бағдарламаларды орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді Орынбасар Ағбаев.

ЖОЛ АҚЫСЫН ТӨЛЕМЕЙТІНДЕР БАР

Астанада жолаушылар легі күніне 650-700 мыңды құрайды. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, күніне орта есеппен 90000-нан астам жолаушы жол ақысын төлемейді екен. Бұдан тасымалдаушыларға келетін залал сомасы шамамен 3 млрд теңгені құрайды.

– Бүгінгі таңда билетсіз жолаушылардың айтарлықтай өсу үрдісі байқалады. Мысалы, тексеру барысында бір автобустан жол ақысын төлеуден жалтарған 20 жолаушыға дейін анықталады. 2018 жылдан бастап жол ақысын төлемейтіндермен күрес Астана қаласы Полиция департаментімен бірге жүргізіледі. Жол ақысын төлемеген жолаушы анықталған кезде, полиция қызметкерлері шақырылады. Өйткені айыппұлды тек полиция сала алады. Айыппұл қала бюджетін толықтырады, – деді басқарушы директор.

Биыл жыл басынан бері қоғамдық көлікте жол ақысын төлеуден жалтарудың 124056 фактісі анықталды, оның ішінде Астана қаласы ПД қызметкерлері 5614 азаматты әкімшілік жауапкершілікке тартты. Осылайша, жалпы сомасы 41453776 теңгеге айыппұл салынды.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Бүгінгі таңда көлік компаниясындағы жүргізушілердің жалпы саны 1851 адамды құрайды. Елордадағы автобус парктерінде 1110 жүргізуші жетіспейді.

Көлік компаниясы баспасөз хатшысы Оксана Әубәкірованың айтуынша, мекемеде жүргізушілердің орташа жалақысы 500 мың теңгені құрайды. Апатсыздық, айналым жоспарын орындау және т. б. үшін коэффициенттердің үстемелерін ескере отырып, еңбекақы 800 мың теңгеге дейін жетеді.

Қоғамдық көлік жүргізушілеріне қойылатын талап аса көп емес. Автобус жүргізушілерінің жасы 25-ке толған, жүргізуші ретінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, оның ішінде D1 кіші санатты (16 жолаушы орнына дейін) автобустарды басқару өтілі кемінде 3 жыл болуы шарт.

Қазіргі кезде жүргізушілердің тапшылығынан заңға өзгерістер енгізу, мәселен, жас шамасын төмендету мәселелері қарастырылып жатыр. Өйткені бүгінде жүргізушілердің орта жасы 45 жастан басталады. Демек, автобус жүргізушілері қартайып барады, олардың орнын басатын жастар аз.

ЕЛОРДАДАҒЫ АВТОБУС ПАРКТЕРІНДЕ 1110 ЖҮРГІЗУШІ ЖЕТІСПЕЙДІ. АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗУШІЛЕР ТАПШЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАС ҮШІН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛСЕ, ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ 800 МЫҢҒА ДЕЙІН ЖЕТЕДІ, ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРДЕН МАМАНДАР ЖҰМЫСҚА ТАРТЫЛАДЫ

– – Алдағы жылдары жүргізушілер тапшылығын болдырмас үшін қолданыстағы заңға өзгерістер енгізілсе, жүргізушілердің жалақысы 800 мыңға дейін жетеді, өзге өңірлерден мамандар жұмысқа тартылады, – деді баспасөз хатшысы.

БАЛАЛАР ТЕГІН ҚАТЫНАЙДЫ

2020 жылдың 28 наурызында Астана қаласы мен қала маңында тұратын 18 жасқа дейінгі жолаушылар үшін тегін жол жүру ережесі енгізілген болатын. Осы уақыт аралығында балалар мен жасөспірімдер қала ішінде 85988426 сапар жасаған.

Мектеп оқушылары кезекті оқу жылының IV тоқсанын бастады. Демек, көктемгі каникулда олар қоғамдық көлікті көп пайдаланбаса, енді олар күн сайын ең аз дегенде екі рет автобусқа отырады. Балалар көлік картасын автобус ішіндегі валидаторға тигізу арқылы жол ақысын төлейді. Қала тұрғындары санының жыл өткен сайын өсуі қалаішілік автобустар санын көбейтуге, жаңа маршруттарды іске қосуға ықпал етіп отыр.

Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі №167/21-VI шешімі 1-тарауы 1-тармағына сәйкес, елорда азаматтарының Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын жекелеген санаттарына қалалық жолаушылар көлігі бағдарларында жол ақысын төлеуден босату түріндегі әлеуметтік көмек көрсетіледі. Осы шешімнің 2-тарауы 5-тармағына сәйкес, әлеуметтік көмек Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдарға; жасы және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер, сондай-ақ жасы бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнет жасына толған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға; көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасыларға; мүгедектерге; 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға; Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар ішінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына ұсынылады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

2023 жылдың қыркүйегінен бастап жолаушыларға, сондай-ақ елорда қонақтарына ыңғайлы болу үшін «City Transportation Systems» компаниясы жол ақысын төлеудің электрондық жүйесін жаңғырта бастады. Жыл соңына қарай жаңа жүйеге толық көшеді.

Бүгінгі таңда автобустарда төлем QR-кодты банктер мен ұялы байланыс операторларының қосымшаларымен, сондай-ақ Transcard көлік картасымен жүргізіледі. Сонымен қатар жаңа автобустарда жол ақысын төлеудің қосымша арналары пайда болады. Бұл ретте жолаушылар екінші деңгейдегі банктердің банк картасы және NFC технологиялары арқылы (сағат, білезік, сақина), Bluetooth арнасы арқылы да төлем жасай алады.

Мамандардың мәлімдеуінше, жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі онлайн режимде көп мүмкіндік береді. Мәселен, Transcard көлік карталарын жедел толықтыруды іске асыру және екінші деңгейдегі банктер мен төлем ұйымдарының барлық қолжетімді сервисінде барлық қолданыстағы тариф бойынша жол ақысын онлайн режимде төлеуге мүмкіндік береді. Биыл қазан айында автобустарды жаңа жабдықпен жарақтандырып, кейіннен алдыңғы жүйеде пайдаланылатын көлік карталарының жаңа жүйеде тіркелуіне қарай қолжетімді болады. Сонымен бірге екінші деңгейдегі банктердің банк карталары арқылы жол ақысын төлеу тәсілдерін кеңейту, NFC контактісіз төлем (смартфон, смарт-сағат), QR-кодтарын оқу, Bluetooth технологиясы арқылы төлем жасауға, жүйенің барлық операциясын онлайн режимде мониторингілеу және төлемдердің барлық түрі бойынша бөле отырып, жасалатын валидацияларды ұсынылатын жүйеде көрсету және нақты уақыт режимінде дербес есепке алуды, жалпы жолаушылар ағынын жүзеге асыруға әрі мобильді қосымшаларда белсенді халық үшін және азаматтардың жеңілдікті санаты, сондай-ақ оқу орындарының оқушылары үшін виртуалды картаны енгізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде елорданың жол ақысын төлеудің электрондық жүйесінің барлық жабдығы мен бағдарлама кешені офлайн режимінде жұмыс істейді. Бұл ретте жүйе объективті моральдық тұрғыдан ескірген, неғұрлым озық және өзекті шешімге жаңғыртуды/ауыстыруды талап етеді.

Алдағы уақытта көлік картасын сатып алу және толықтыруға арналған RTVM-автоматтар біртіндеп жойылады. Бұл іс кезең-кезеңімен жүргізіледі. Қазіргі кезде қала бойынша барлығы 30 RTVM-автоматы бар. 30 наурызда 6 RTVM-автомат, атап айтсақ, Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 9 («Северный» СУ); Республика даңғылы, 26 («Сұңқар» СУ); А.Петров көшесі, 1 («Орбита» СУ); Еділ көшесі, 21 («Магнум» СО); Ғ.Мүсірепов көшесі, 9Б; Ш.Уәлиханов көшесі, 20 («Магнум» СО) мекенжайында орналасқан автоматтар жойылды. Бұған дейін «Аймақ-Тау» сауда үйінде орналасқан 2 RTVM-автомат алынған еді. Қалған 28 автомат қалыпты жұмыс істеп тұр. Олардың қай уақытта жойылатыны туралы Астана қаласындағы «City Transportation Systems» ЖШС көлік компаниясы қосымша хабарлайды.

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

«Қазақтың қасиетті топырағы XX ғасырда көптеген ғалымдарды өмірге әкелді, солардың арасында Қаныш Имантайұлының тұлғасы құзар шыңға ұқсайды. Ол – Баянауылдан бастау алып, қазақтың даласын қақ жарып өтіп, Алатаудан асып, әлемдік ғылым шыңына көтерілген ұлы тұлға. Қ.И.Сәтбаев – аса көрнекті ғалым-геолог қана емес, өз заманының шоқ жұлдызы, ойшыл ғұламасы, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде өте шебер ұйымдастыру қабілетінің арқасында Қазақстанда ғылым мен индустриялық дамудың көшбасшысы болып, кемеңгер ғалым атанды».

Жазушы Медеу Сәрсекеев

ЖҰЛДЫЗ БОП ЖАРҚЫРАҒАН ДАРА ДАНА

«Есімі ел жүрегінде сақталған ер бақытты» дейді дана халқымыз. Шынымды айтсам, мен өзім Қаныш Сәтбаевты өмірімде бір-ақ рет қана көрдім. Бұл 1956 жылы болатын. Павлодар облысы Май ауданына қарасты Киров атындағы кеңшар директоры әкем Жолтай Байғазыұлы сегізінші сыныпқа көшкенде мені Алматыда тұратын апамның қолына жіберді. Алматыда қазақ мектебін іздеп сарсаңға түстік. Сөйтсек, Қазақ КСР-ы астанасы Алматыда сол кезде жалғыз ғана Киров атындағы қазақ мектебі бар екен.

Бұл мектептің ерекшелігі тек жалғыздығында ғана емес. Мектептің материалдық жағдайы үнемі Қазақ КСР-ның оқу-білім министрлігі мен Алматы қалалық оқу-білім басқармасының назарында болды. Тағы бір ерекшелік мектепте оқитын балалардың көбінің әкелері ақын-жазушылар мен артистер болғандықтан болар. Апта сайын мектеп басшылығы бізді есімдері елге танымал жазушылармен, артистермен және ғалымдармен кездесулерін ұйымдастырып отырды. Ең алғашқы кездесуіміз Мұхтар Әуезовпен, содан кейін Мәлік Ғабдуллинмен болды. Осы екі кездесуден кейін мұғалімдеріміз қоятын сұрақтарымызды мұқият ойланып қою керектігін ескертті. Әсіресе, Ғылым академиясының президенті, академик Қаныш Сәтбаевқа қоятын сауалдарыңды ойланып қойыңдар деп талап қойды. Келмей жатып академик қандай екен, уақытында келе ме жоқ, бұрынғы ағалар сияқты кешігіп келе ме екен деп ойымызды сан-саққа жүгірттік. Ғылым туралы түсінігіміз шамалы болғандықтан, қандай сұрақ қоярымызды білмей қиналған едік. Акт залына кірген тарих пәнінің мұғалімі Әлия апай «Ал, балалар, тынышталыңдар, академик келді, залға кіргенде түгелдей түрегеп, қол шапалақтап, қошеметтеп қарсы алыңдар деп ескертуі сол еді, есіктен мектеп директорымен бірге академик Қаныш Сәтбаев кіріп келді.

Бойшаң келген академикке қою шашы да, киім киісі де жарасып тұрды. Бірден қатарда отырған оқушылардың арасынан өтіп бара жатып, кейбіреулерінің жанына бөгеліп, шаштарынан сипап өтті. Сөзі анық, баяндамасында түрлі теңеулер мен мақал-мәтелдерді қосып отырды. Біздің ұққанымыз Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан аймағын жетік білетіні, оның қай жерінде қандай қазба байлықтарының және қай мөлшерде бар екенін жатқа білетіні аңғарылып тұрды.

Кездесу екі жарым сағатқа созылды. Ғалымның сөзінен ұққанымыз, біздің Қазақстан қазба байлықтарына ең бай өлке екен. Оның көбі әлі игерілмей жатыр. Ол үшін республикамыздың әр аймағында қажетті завод-комбинаттар салу керек. Сол өндіріс орындарына қажетті мамандар даярлау да – кезек күттірмейтін міндет.

– Сендердің көбің еліміздегі өндіріс орындарына қажетті мамандық алуларың керек. Ол үшін білімді болу, табиғи байлықты игере білу білікті мамандарға байланысты. Сендердің көбің сондай маман болатындарыңа мен сенемін. Бүгін Министрлер кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенев жолдас екеуміз үш жоғары техникалық оқу орнын ашу жөнінде қаулыға қол қойдық. Алматы мен Қарағандыда политехника институттарын, Павлодарда индустриалдық институт ашатын болдық. Өндіріске қажетті инженер мамандығын қалағандарыңа жол ашық. Мектеп бітірем деушілерге сәтті сапар тілеймін, – деп Қаныш Сәтбаев сөзін аяқтады. Сұрақ қойған балалардың қасына барып, қай жақтан келгенін, мектеп бітірген соң қандай мамандық алғысы келетінін сұрап, тиісті кеңестер беруден жалықпады. Жоғарыда аталған институттарға түскісі келетін балаларға жоғары оқу орнын бітірісімен сол арадағы өнеркәсіп орындарында істегісі келетіндерге бірден жатақхана берілетінін және отбасы жағдайына байланысты пәтер алуға болатынын атап өтті.

Осылайша уақыттың қалайша өткенін де байқамадық. Тек қоштасарда Қаныш аға сағатына қарап: – Ал, балалар, сендермен кездесу маған да қызықты болды. Мен сендер сияқты бала кезімізде оқитын осындай еңселі ғимарат болған жоқ еді, сабақ беретін білімді мұғалімдер ол кезде атымен жоқ болатын. Сендерге дәріс беретін ұстаздардың көбінде жоғары білімді мамандар екен. Бұл қандай мақтаныш?! Сондықтан қолдағы осындай мүмкіндікті тиімді пайдаланыңдар, болашақ сендердің қолдарында, оны уыстарыңнан шығарып алмаңдар. Баршаңа сәт-сапар тілеймін, – деп қоштасты.

Содан бері қанша уақыт өтсе де Қаныш ғалымның келісті келбеті мен ұлағатты сөзі көкірегіміз бен көзімізден кетер емес. Ұлылық ұлыға ғана жарасады демекші, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың асыл тұлғасы мен қалдырып кеткен өлшеусіз мұрасы қазақ халқы мен қоғамымызда үлгі өнеге ретінде ұрпақтан ұрпаққа рухани азық болып қала береді. Өкінішке қарай, өзі жоқтың, көзі жоқ дегендей, Сәтбаев дүниеден өткен соң оның соңынан неше түрлі қисынсыз ғайбаттар айтатындар, оның мәңгілік елге қалдырған ғылыми мұраларына күдікпен қарайтын пысықайлар табылды.

Өзінің шәкірті дарынды ғалым, Шахмардан Есенов ағамыз Қаныш Имантайұлы өмірден озған соң оның бұрын тұрған үйінің жанынан өтіп бара жатса, үйдің тып-типыл екенін байқап, үй қайда кетті деп сұрастыра бастаса, оны Асқар Қонаев тау жақтағы саяжайының жанына орнатып, монша ретінде пайдаланып отыр екен. Бұл масқара жайды Асқардың ағасы Дінмұхамед Қонаевқа айтып барса, ол кісі дереу тиісті шара қолданудың орнына ғалым, әрі министр Шахмардан Есеновті Маңғыстау аймағына барлау экспедицияның бастығы етіп жіберген.

...1979 жылдың 12 сәуірі болатын. Әдеттегідей таңғы шәйімізді ішіп, зайыбым екеуміз жұмысқа кетеміз деп жатқанда телефон шылдыр ете қалды. Телефон тұтқасын алсам, ар жағынан Сара апамыз (академик Манаш Қозыбаев көкеміздің зайыбы) екен: – Мейрам, Манаш ағаларың кешке әдеттегідей біздің үйде жиналыңдар дейді. Өзі академияда Қаныш Сәтбаевтың 80 жылдығына байланысты жиналыста болады. Содан кейін үйге келеді. Манаш көкеміз осындай елеулі кездесулерден кейін үйге жастарды жинап, «ликбез» өткізуді дәстүрге айналдырған.

Қаныш Имантайұлы ғылым, білім ісіне ерте араласып, қарадан шыққан хан тәрізді еңбек адамдарының, қарапайым жандардың тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жетік білетіндігін танытты. Мұндай тұжырым жасауыма себепкер болғаны мен аралас-құралас болған орта маған жат емес еді. Олардың қатарында жерлес академик ағам Жабайхан Әбділдин, академик Манаш Қозыбаев, Мәскеуде парламент тілшісі қызметін атқарып жүргенімде танысқан академик Өмірзақ Сұлтанғазин, Қаныш ағаның ізбасарлары академик Шопық Шокин, Шахмардан Есенов және Кенжеғали Сағдиевтер болатын.

Белгіленген уақытта баршамыз Манаш Қозыбаев үйінде жиналдық. Ол кісінің інісі Сағымбай, қарындасы Әлия, өзінің ұлы Ілияс, ағасы Ораза-лының ұлдары бәріміз жиналып, әңгіме құрып отырмыз. Кенет есік қоңырауы сылдыр ете қалды. Есік ашылып, үйге асыға кірген Манаш көкеміз біздің сәлемімізді қабылдамай, бірден өз бөлмесіне кіріп кетті. Көкеміздің шығатын түрі жоқ. Баршамыз үрпиісіп «не болды екен?» деп отырмыз. Жарты сағаттан кейін көкеміз бөлмесінен шығып залға келді. Бар айтқаны – «Масқара, жетім қыздың тойындай өткізді, Қаныштың әруағынан да қорықпады ғой бұлар» деп бөлмесіне қайта кіріп кетті.

Қаныш Сәтбаев тіршілік жасаған алпыс бес жыл өмірінің 45 жылында елімізде геология, тарих, мәдениет және ғылым салаларында Нобель сыйлығының деңгейіне дейін жаңалықтар ашып, алып дала Сарыарқаны зерттеуге арнады. Ұлы Отан соғысы басталғанда оқ-дәріге қажетті шикі заттар мен заводтар фашистердің қолында қалды. Осындай қиын-қыстау сәтте ел басшысы Сталин ғалым ретінде есімі Кеңес Одағына танымал болған Қаныш Сәтбаевқа Қазақстанда оқ-дәріге қажетті қорғасын, мыс және де басқа шикізаттардың көзін тауып, оны өндіретін заводты қысқа мерзімде іске қосуды тапсырды. Жезқазған өңірінде мұндай завод Сәтбаевтың жанкешті әрекетінің арқасында іске қосылып, әрбір жауға атылатын оқтың сегізі Қазақстанда шығатын болды.

Қаныш Сәтбаев Қазақстанның шикізатқа бай өлке екенін анықтап, оның ғылымын әлемдік деңгейге көтеру үшін Ұлы Отан соғысы жылдары республика астанасы Алматыда Ғылым академиясының ғимаратын салдыруға бас-көз болды. Қаныштың бұл бастамасын сол жылдары Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Жұмабай Шаяхметов қолдап отырды.

Реті келгенде айта кетейін, республиканы қанішер Голощекин басқарған жылдары қазақ зиялыларының соңына түсіп, олардың көзін жоюдың түрлі амалдарын ойластырды. Әсіресе, ұлтымыздың бетке ұстайтын Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаевтарды әне-міне тұтқындайды деген қауіп сейілмеді. Осыны сезген Жұмабай Шаяхметов НКВД-да істейтін қазақ офицерлеріне тапсырма беріп, Мұхтар Әуезовті ұшақпен Мәскеуге жөнелттірді. Ал Мәскеуге барған сапарында Ж.Шаяхметов КСРО ғылым академиясының президенті Александровке жолығып, Қаныш Сәтбаевтың КСРО ғылым академиясында жұмыс істеуі және тұратын пәтер мәселесін шешіп қайтты. Осылайша, ұлтымыздың бетке ұстайтын екі азаматы Жұмабай Шаяхметовтің арқасында аман-есен қалды.

Бірде қазақ радиосы мен телевидение журналистерінің бірлескен лездемесінде комитет төрағасы Камал Смайылов ағамыз сол жылы (1991 ж.) Қазақ КСРО үкіметінің Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 90 жылдығына байланысты көлемді іс-шаралардың белгілегенін, соған орай академик ғалымның өмірі мен ғылыми еңбектерін және азаматтығын жан-жақты көрсету керек екенін міндеттеді. Одан бұрынғы жылдары журналистердің көпшілігі Қаныш Сәтбаев туралы жазғылары келсе де белгісіз себептермен сол кездегі цензурадан аса алмады. Енді, міне, халқымыздың сүйікті перзенті Қаныш Имантайұлы туралы жазыңдар, көрсетіңдер деген нұсқау берілді. Ізденіс барысында менің алғашқы жолыққаным Қ.Сәтбаевтан кейін Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті болған көрнекті ғалым, Қазақстанда энергетика ілімін зерттеп, оны жоғары деңгейге көтерген Шопық Шокин ағамыз болатын. Ғылым академиясының Қазақ ғылыми-зерттеу энергетика институтының негізін қалаған алғашқы тұлға. Қ.Сәтбаевтың сенімді ізбасарларының бірі. Ш.Шокиннің басшылығымен Шығыс Қазақстан облысында Бұқтырма ГРЭС-і салынды және Ертіс – Қарағанды каналының жобасы жасалынды. Осы маңызды нысандар қазірде тәуелсіз мемлекет экономикасының басты буындарының біріне айналды.

Шопық ағамызбен үйінде кездестік. Жазу үстелінің үсті кітаптар мен газет-журналдарға толы екен. Өзінің сөзіне қарағанда естелік жазуды қолға алған көрінеді.

– Мейрам, сен Қаныш туралы жазам дегеннен кейін мен сенімен кездесуге келістім. Әйтпесе, уақытты қалай болса, солай рәсуа етуге зауқым жоқ. Қазір журналистер мен жазушылар Қанекеңнің ғылыми еңбегі мен оның нәтижелері туралы жеткілікті жазып жатыр. Қанекең туралы жазбағанда одан басқа қай ғалымды жазбақпыз. Бәрін айт та, бірін айт дегендей, мен саған Қанекеңнің адами және азаматтық бейнесін сипаттайтын бір мысалды айтайын.

– Қаныш Имантайұлы өмірден озғаннан кейін, Академияның жарлығына сәйкес, оның президентін сайлау өтті. Сайлау нәтижесіне сәйкес, мен президент болып сайландым. Сонымен бірге Қазақ КСР Ғылым академиясының президент лауазымы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болуы тиіс. Кезінде Қаныш Имантайұлы тек депутат қана болған емес, сонымен бірге Жоғарғы Кеңестің ғылым-білім комитетінің жетекшісі қызметін бірге атқарған еді. Осы қызметтерге кіріскеннен кейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің парламент делегациясы Канада парламентінің шақыруы бойынша сол елге бардық.

Канаданың астанасы Оттавадағы зәулім алаң Ленинградтағы Революция алаңына ұқсайды екен. Алаңды асықпай аралап жүргенде кенет қарсы алдымнан аласа бойлы адам шыға келіп, шала-шарпы орыс тілінде: – Вы не из Казахстана, – деп сұрақ қойды.

– Да, я из Қазахстана.

– Вы знаете Сатпаева, как он живет?

– К сожалению, он скончался деуім мұң еді, жаңағы жапон азаматы еңіреп жылап жіберді. Жай жыламай, Қанекеңді жоқтағандай, дауысын шығарып жылауы мені ыңғайсыз жағдайға қалдырғандай болды. Бейтаныс адамдар мен оны жәбірлендіріп жіберген шығар деп ойлауы мүмкін. Сөйтіп, жаңағы жапон азаматын әрең дегенде тыныштандырып, өзі туралы сұрай бастадым.

Сөйтсем, ол тұтқынға түскен жапон солдаты болып шықты. Ғылым академиясының ғимаратын салып бітірген жапондардың бірі екен. Қаныш Имантайұлы сол жылдары жұмысқа келісімен күнделікті әдеті бойынша құрылыстың барысымен танысып, тұтқындағы жапон солдаттарымен сөйлесіп, қал-жағдайларын біліп тұратын еді. Қанекеңнің осындай адамгершілігіне тәнті болған жапон солдаттарының көңілінде Қаныш Имантайұлының адами қасиеті берік орын алғанының куәсі болдым деп, – Шопық ағамыз естен кетпес сол кездесуді есіне алды.

Қаныш Имантайұлын білетін замандастарының айтуынша, Хрущевті бірбеткей қалпынан қайтарып, оны тұқыртып тақыр жерге отырғызып кеткен, сөйтіп, өз дегеніне жеткен ұлтымыздың мақтанышына айналған екі асыл тұлғамыз болса, олар Жұмабек Тәшенев пен Қаныш Сәтбаев екенін біздің жастарымыз білгені жөн.

Қаныш Сәтбаевтың бүкіл саналы да салиқалы ғұмырын туған елі мен туған жерінің өсіп-өркендеуіне, гүлденуіне арнап, сол жолда аянбай еңбек еткен, өз бақытын сол адал еңбегінен тапқан өнегелі өмірі тәуелсіз еліміздің жас ұрпағына үлгі-өнеге болып қала бермек.

Қаныш Сәтбаев – ақиқат жолында биік тұлға. Өнегелі өмір сүріп, өшпес із қалдырған, аялы алақанды, ыстық ықыласты сирек тұлғамыз еді. «Ұлағаты мол азаматты аспандатқан ел азбайды» дейді халық даналығы. Өнегелі адамдармен ғана өміріміз мәнді болатынын естен шығаруға болмайды. Аллаға шүкір, ондай асылдарымыз біздің тарихымызда аз болмаған. Солардың біреуі де, бірегейі – тұңғыш академик ғалымымыз Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

Ж.Тәшенев пен Қ.Сәтбаев және үкімет мүшелері Үндістан премьер-министрін қабылдау кезінде

Мейрам БАЙҒАЗИН,
Қазақстанның құрметті журналисі, Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

СЫНАҚТА СЫНБА!

Менің бүгінгі күнге дейінгі жүріп өткен жолымдағы тәжірибемде байқаған бір дүнием, бізде сынақты Алланың жазасы немесе азабы ретінде түсініп, жамандық ретінде көреді екен. Ендеше, сынақ деген не және оны кім қалай түсініп жүр, осыған келейік.

Сынақ – бір сөзбен айтқанда, ол адамзатқа Алла Тағала тарапынан бекітілген бір өлшем яғни қазіргі тілмен айтар болсақ, сынақ – Алла Тағаланың пендесіне беретін ең мықты техникасы. Түсіндіре кетейін, мәселен, адам мен адам арасында жүретін кез келген жамандық, бұл сынақ емес. Бұл олардың адамзат деген ұлы аттарына келетін үлкен-кішілі сын, қай-қайсысына болмасын. Егер ар-ұяттары жоғары болса, бірін-бірі кешіреді, төмен болса, бір-бірінен үзіледі. Ал адам мен Алланың арасында жамандық жүре ме, қалай ойлайсыздар, ол сын ба әлде сынақ па?

Құран Кәрімнің «Әнкабут» сүресінде: «Адамдар, сірә, «Иман айттық» (болды), енді ешқандай сыналмай, жайымызша жүре береміз деп ойлай ма екен?» дейді. Яғни Алла бар, мойындаймын, Оған сенемін, Ол жүрегімде деп құр тілмен иман келтіріп, бірақ Алланың емес, өз білгенімен өмір сүремін десе, қатты қателеседі. Ниет дұрыс, бірақ сол ниетке амалы сай болмаса, бұл сынақтың алғашқы баспалдағы дей берсін. Осы жерде мынаны ескеру керек, басқа түскен немесе өзі тілеп алған сынаққа сынбаймын десе де, тіпті сүрінбей өтсе де, Алла Тағала өзінің ұлылығын бәрібір дәлелдейді. Оған еш күмән болмасын. Ал сынақта сынып кетсе, онда Аллаға өзінің кім екенін дәлелдегені. Ешбір адам бұл өмірден сынақсыз өтпейді. Кез келген адамның сын сағаты тағдырына жазылады әрі одан ерте ме, кеш пе өтеді. Тек, сынақтың үлкені немесе кішісі адамның мақсатына қарай, ұзақтығы немесе қысқалығы жауапкершілігіне қарай яғни пейілге қарай болады. Аталарымыздың «Ә Құдай, байлығымды алсаң да, пейілімді алма» деген ұлағаты осыдан келіп шығады.

Дегенмен, сынаққа апаратын қысқаша үш жағдайға тоқталып өтейін.

Біріншіден, Алла мен адам арасында келісім бұзылған жағдайда яғни адам өзінің пейілі, тілі және іс-әрекетімен яғни бір сөзбен айтқанда, күнә жасап, сынаққа өзі барып түспесе, Алла оған бірінші болып жамандық жібермейді. Себебі Алла – мейірімділіктің патшасы. Пендесін жақсы көреді және жақсы біледі. Оған күнәсі де белгілі, сонда да күш-қуатын кемітпестен, қайрат-жігерін алып қоймай, ойлануға, тәубеге келуіне уақыт береді. Яғни бұл – өз қолыңмен істегенді өз мойныңмен көтер деген белгі.

Екіншіден, кімде-кім жүрек қалауын яғни мейлі күйеу, әйел, бала-шаға, әке-шеше, ата-ене болсын немесе бір нәрсені, мейлі білім, дүние, мал-мүлік, байлық болсын, Алла Тағаладан жоғары қойған жағдайда, тура сол қалауымен сыналады. Яғни біреуді тым қатты жақсы көру, оның жолына өле берілу немесе бір нәрсені қатты жек көру, алыстау да сынаққа апаратын жол. Маған қайырылған кісілердің ішінде есімде қалғаны, «Мен өтірікті, сатқындықты, жалған уәде беретін адамдарды иттің етінен жек көремін. Бірақ Құдайдың құдіреті, алдымнан сондай адамдар шыға береді, кезіге беремін» дейді. Сол сияқты, екінші бір адам айтады «Мешітті жанымнан бетер жақсы көрдім, әрбір бұрышын таңға дейін сағынатынмын, күн-түн демей тазалығына мұқият болдым. Алайда жұмысымнан еріксіз кеткен кезде, мешітті Алладан бетер жақсы көріп, жоғары санағанымды түсіндім дейді. Сондықтан, мынаны ұғынайық. Алланы біз ұмытқанмен, бізді Алла еш ұмытпайды әрі өзін ешқашан ұмыттырмайды. Мейлі күйеуді, тоқалды, дүниені, білімді қуаласын, айналып келгенде, Аллаға келіп тіреледі. Себебі «Адамнан сұраған көзі шығады, Алладан сұраған бүйірі шығады» дейтін ғасырлар бойына дәлелденген сөз бар.

Үшінші жағдайда, Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың: «Алла кімге жақсылық қаласа, оны сынайды» деген хадисін алайық. Өмірде «Жан адам баласына тигізген зияным жоқ, ниетім түзу, бірақ басымнан сынақ кетпей қойды» дейтін жандарды кезіктірген шығармыз. Мен дәл сол адамнан «Пейіліңіз шынымен дұрыс па, Алланың қай парызы орындалды не болмаса қай тыйымына тоқтадыңыз?» деп сұрар едім. Расымен де, жоғарыда «Әнкабут» сүресінде айтылғандай, Аллаға иман келтіргенмен, қалауына көнбесе, бұл әлсіздігіне қарамастан, оның қалауына таласуы. Біліңіздер, асқан бай-қуатты, дүйім елге сыйлы, атағы жер жарған абыройлы болса да, Алладан алпауыт сынақ келсе, адам жалғыз қалады. Бәрі теріс айналады, бәрі қашады, тіпті әйелі мен баласына да жақпай қалады. Адамға жақсыдан жаманға өту өте тез, ал жаманнан жақсыға өту тез де емес, оңай да емес, әйтсе пендесін Алла сынар ма еді. Сондықтан, Алланың сынағы – адамның алар сабағы!

Сынақтан қалай өтеміз, мұндай жағдайда пенде не істеуі керек?

Біріншіден, мынаны жақсылап ұғынайық, сынақтан ешкім қашып құтылған емес, «Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі». Сондықтан, адам есін жиып, келешек өмірін ойлап, саналы түрде сынаққа қорықпай қарауы керек яғни сынақты қабылдауы керек.

Екіншіден, Жаратушының барлық жаратылыстары – Оның әскерлері. Мәселен, бір күн делік немесе бірнеше күн далада жел тұрмай қалса, ауаны тымырсық басады, шөлден көзімізді аша алмай қаламыз. Немесе шөлімізді басқан, қажетімізге жараған судың өзі азайып кетсе, қуаңшылық басталады. Ал көбейіп кетсе, апат пен өлім. Бұл жалпы адамзатқа берілетін сынақ емей не? Сол сияқты, Алла Тағаланың әскерлерінің ішіндегі ең күштілері – ол от. Ал сол отты су өшіреді. Ол да – Жаратқанның үлкен құдіретті әскері. Сол құдіретті суды бұлт көтеріп жүреді. Енді бұлтты күшті дейін десең, оны жел айдап әкетеді. Ал желді күшті дейін десең, оны таулар тоқтатып қояды. Тауды адамның күші бұзады, реттейді, тіпті қажетіне пайдаланады. Енді адамды күшті дейін десең, оны ұйқы тоқтатады. Ал ұйқыны не кетіреді, уайым мен қайғы. Ал уайым мен қайғыны не кетіреді, зікір емдейді екен. Сонда, адамзаттың ең күшті құралының бірі – ол зікір, яғни Алланы ұлықтау. Ендеше, Алламен дос болып, сынағына түскіміз келмесе, түссек те, жеңіл болуын қаласақ, тіліміз зікірден құрғамасын. Субхан-Алла, Әлхамдулиллә, Аллаһу Әкбар, Астағфирулла, Лә иләһә илалла деп санамай сансыз айтсақ, бұл Алланы қуантқанымыз. Ал қалған уақытта осы сөздерді қазақ тілінде Аллаға мақтау, Алла пәк, Аллаға шүкір, Алла ұлық, Алланың қалауы, Алла кешіре гөр, Алладан басқа Тәңір жоқ, Алла қаласа, бұйыртса деп айтуымызға әбден болады.

Үшіншіден, дүние төңкеріліп кетсе де, сабыр түбі – сары алтын. Сабырлық сынақты жеңілдетеді, сауапты еселетеді, яғни Алла алдындағы дәреже бір сатыға көтеріледі, егер сабыр етсе ғана! Ал уайымға беріліп немесе қайғыдан қан жұтып, байбаламға салып, құрдымға кету, биіктен секіру не болмаса өзін-өзі тастап жіберу – бұл өмірді құрту, өнбейтін іс, сынақты ауырлату, денсаулықты нашарлату. Сондықтан, қабырға қайыспас үшін, сағы сынбас үшін, сынаққа берілмес үшін, сынақты жүрекпен таразылау керек. Яғни Алла Тағала сынақты не үшін жіберді, қай жерден қателік кетті, қандай амал-әрекеттер керек деген сияқты түйіндерді шешу үшін, салқын ой мен ақыл сабырлы шешім шығаруы тиіс.

Төртіншіден, шешімді ортаға салу. Ер адам болса қабырғасымен яғни күйеуі әйелімен немесе әйелі күйеуімен, болмаса әке-ана, бауырларымен кеңесіп, сынағын жеңілдету. Ал үлкен қиындықтарда ағайынның басын біріктіргені тіптен жақсы. Маңайына туыс-жұрағатын, жанашыр жақын дос-жарандарын жинап, қайғысымен бөліссе, «көп түкірсе, көл болар» демекші, сынағын бірге көтерісетіндер міндетті түрде ортадан табылады, ең болмағанда уайым-қайғысы азаяды. Ер жігіттің аузында Алласы, жан-жағында ағайыны болса, ешқашан сынақта жалғыз қалмайды, осыны ескерген жөн.

Бесіншіден, еңсені қандай да бір ауыр сынақ басса да, мына әлемді билеп тұрған құдіреті күшті жалғыз Алла ғана екенін ұмытпау. Сол құдіретке жүзді бұру, қателік-күнәсі үшін кешірім сұрау, құлшылыққа келу, намазға тұру, сәждеге бару, қолды жаю, дұға-тілекпен жалбарыну, тәубеге келу, Аллаға уәде, өзіне сөз беру, болашағына үміт жалғау. Құдайсыз өмірдің нәтижесін көрді, енді Құдайы бар өмірді бастауы керек. Бұл адаммен емес, әлемдердің Раббысы болған Жаратушы Алламен байланысқа шығу. Мұндай сынақтардан небір-небір «Менмін» дегендер, атағы жер жарған патшалар, аты шулы батырлар, дәулеті тасыған бай-қуаттылар да өткен. Керек десеңіздер, кедей де, кепшік те, көзі көрмейтін соқыр да, тілі жоқ мылқау да өткен. Бәрінің соңғы ойы Алла, сөзі Құдай болған. Өзін-өзі іштей кеміріп жей бергеннен өмірді өзгертпейді. Қиындыққа тіке қарау – кім екенін дәлелдеу. Сондықтан, мен айтқан болар едім, біз бар болғаны әлсіз пендеміз. Қанша жерден мықтымыз десек те, күн ысыса, көлге жүгіреміз, күн суыса, үйге жүгіреміз. Сол көл мен үйдің арасында аракідік күнге қақталып, сынаққа қыздырынып тұрғанымыз жөн. Өйткені рухани әлсіздігімізді, жүректегі иманымызды шыңдайтын дәл осы сынақ. Сынақ өмірімізге сабақ, рухымызға тәрбие, өзімізге пайда, жанымызға ем, жүрегімізге тәубе, бағытымызға тура жол. Егер Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан «Сынақ деген не?» деп сұраса: «Мұсылманға не кездіксе де, мейлі ұзақ ауру, мазасыздану, қайғы, қолайсыздық, керек десеңіз, тікенектің шаншығаны болсын, Алла Тағала ол үшін міндетті түрде күнәларының бірін кешіреді. Бұл өмір адамдардың сабырлығы мен төзімділігін ашатын қиындықтардан тұратын сынақтан басқа ештеңе емес. Сынақтар әртүрлі болады: кедейлік, ауру, өмір сүрудің қауіпті ортасы, жақындарынан айырылу және тағы басқа – деген болар еді. Ал кемеңгер Абай атамыз:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз – деп жауап берер еді. Ал біздіңше, сынақ деген жаза емес, ол – ұлы иман. Сынақ деген азап емес, ол – күш-жігер. Сынақ деген сындыру емес, ол – ес жию. Сынақ деген қинау емес, ол – сабыр ету. Сынақ деген үрей емес, ол – шығар жол, сынақ деген ғалымдарға – шамшырақ, Алла жолындағыларға – ескерту, мүміндерге – тура жол, ақыретті ұмытқандарға – өлім хабаршысы. Тағдырға қарсы шықпайық, шықсақ мықты болайық!

Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ,
«Ырыскелді қажы» мешітінің
бас имамы, дінтанушы

ОРАЗАҒА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

ҚАДІР ТҮНІНІҢ ҚАДІРІ

Рамазан айында Ораза тұтқан жандарды оразаға ниет ету, оразаны бұзатын және бұзбайтын жағдайлар, әйелдерге қатысты үкімдер, сәресін ішу, Қадір түнін қарсы алу, тарауық намазы, ағтикәф, ораза тұтпауға үзірлі жағдайлар және т.б. туралы сұрақтар толғандырады. Осыған орай, тұрақты айдарымызды жалғастырамыз.

Сұрақ: Қадір түні дегеніміз не және оның артықшылығы қандай?

Жауап: Қадір түні – қасиетті, тағдыр, тарылу деген мағыналарды білдіреді. Қадір түні – Алла Тағала періштелерге әмір етуімен Құран Кәрімді Лаухул Махфуздан (барлық жаратылыстың тағдыры жазылған кітап) Байтул Ғиззаға (дүние аспаны) түсірген қасиетті түн. Ол жайлы Алла Тағала Құранда: «Негізінен Құранды Қадір түнінде түсірдік» деп айтқан. Кейін 23 жыл бойы түрлі себептер мен оқиғаларға байланысты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) уахи етіліп отырған. Бұл түннің артықшылығы жөнінде Алла Тағала Құранда былай дейді: «Қадір түні мың айдан да қайырлы». Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім Қадір түнін иманмен және сауап тілеп, (намазда) тұрумен өткізсе, өткен күнәлары кешіріледі» дейді. Әнас ибн Мәлік (Алла оған разы болсын) былай деп айтқан: «Рамазан келгенде Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында, сендерге бұл ай келді! Онда мың айдан да қайырлы бір түн бар. Сонда кім ол түні бейқамдық танытса, оның барлық игілігінен құр қалады. Ал оның барлық игілігінен тек нағыз мақрұм адам ғана айырылып қалады». Имам Мужаһид: «Қадір түнінде жасалған амал (намаз, Құран оқу, садақа беру) мың айдың ішінде жасалған амалдан хайырлы» десе, Хафиз Ибн Ражаб: «Қадір түнін жіберіп алғандарымның орнын толықтыру үшін қолданамын, өйткені бұл түн тұтас өмірге тең келеді ғой!» деген.

Сұрақ: Қадір түнінің қандай белгілері бар?

Жауап: Қадір түнінің белгілері жайында Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қадір түнінде аспан ашық болады. Ыстық та, суық та болмайды. Күн қызыл болып шығады» деген. Тағы бір риуаятта: «Қадір түні тұнық әрі жарық болып, айдың өзі бейне бір нұрға толы болады. Ол түн, суық та ыстық та емес, тыныш та жайлы болып, таң атқанша жұлдыздардың ағып түсуіне тыйым салынады. Бұл түннің тағы бір белгісі, таңертең күн сәулесі, толған ай секілді түзу болып шығады әрі шайтандарға күнмен бірге жарыса шығуларына рұқсат етілмейді» деп сипаттағаны риуаят етілген. Келесі хадисте: «Бұлт та, жаңбыр да, жел де болмайды...» делінген.

Сұрақ: Қадір түні не істеу керек?

Жауап: Қадір түні мына төмендегі нәрселерді орындау мустахаб болады:

1. Намаз оқу. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кім Қадір түнін иманмен және сауап тілеп, (намазда) тұрумен өткізсе, өткен күнәлары кешіріледі» дейді. 2. Дұға жасау. Айша анамыздан жеткен риуаятта ол былай дейді: «Уа, Алланың елшісі! Мен қадір түніне сәйкес келіп жатсам не деп дұға етейін?» деп сұрадым. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сонда былай дейді: «Аллаһуммә иннәкә афуун тухиббул-афуә фағфу әнни» (Аллаһым! Сен кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің. Менің күнәларымды кеш)» деп айт». Сонымен қатар, Құран оқу, Алланы зікір ету, Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту, садақа беру т.б. ізгі амалдарды істеген жақсы болады.

Сұрақ: Қадір түні ұйықтамау шарт па?

Жауап: Қадір түнін барынша құлшылықпен өткізген дұрыс. Бірақ ұйықтамай өткізу шарт емес. Себебі Айша анамыз: «(Алла Елшісі) таң атқанша түнді (барлық бөлігін) намазбен өткізген емес» дейді.

Дайындаған **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

АСТАНАДА 27 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев елорданың білім басқармасы ұжымымен кеңес өткізді. Астанада өткен басқосуда білім сапасын арттыру мәселелері талқыланды. Ведомство басшысы министрлік тарапынан қабылданған маңызды міндеттерге тоқталды.

Ғани Бейсембаев өткен жылы Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Астананы дамыту мәселелеріне арналған кеңестен кейін Оқу-ағарту министрлігі мен Астана әкімдігі елорданың білім жүйесін дамытудың 2029 жылға дейінгі жол картасын қабылдағанын еске салды. Ол құжат нақты түйткілдерді, соның ішінде үш ауысымды оқыту мәселесін шешуді қамтиды.

«Біздің басты міндетіміз – балаларымызға барынша қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасау. Бұл мәселеде елорданың білім беру жүйесі өзге өңірлерге үлгі болуы тиіс. Министрлік өз тарапынан негізгі міндеттерді шешуде әкімдікке қолдау көрсетуді жалғастыруға дайын. Бірлескен жұмыстың арқасында өткен жылы ғана 12 жаңа мектеп ашылды. Оның 10-ы министрліктің қолдауымен пайдалануға берілді. Биыл тағы 27 мектеп салынады. Инфрақұрылымды дамытумен қатар жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі шешілуде. Елордалық 18 педагог кадр резервіне кірді, 7 педагог басшылық лауазымдарға тағайындалды» деп атап өтті министр.

Бүгінде елордада 175 жалпы білім беретін мектеп, 550 балабақша және 33 колледж жұмыс істейді. Басқосу аясында Оқу-ағарту министрлігі мен Астана қаласы Білім басқармасының өкілдері соның ішінде елорданың Мағжан Жұмабаев атындағы Халықаралық колледжі мен №62 мектеп-лицейін аралады. Білім беру ұйымдары ұжымының жұмысымен танысып, сабақтарға қатысып, педагогтар, оқушылар және студенттермен кездесу өткізді.

Әріптестеріне арнаған сөзінде Ғани Бейсембаев педагогтарды қолдау шаралары алдағы уақытта да жалғасатынына тоқталды. Атап айтқанда, педагогтардың денсаулығын нығайтуына, біліктілігін арттыру үшін шетелде тәжірибе алмасып, тағылымдамадан өтуіне ерекше назар аударылады.

БАЛАБАҚША ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Астана қаласы Білім басқармасы мен Әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен өткен «Заманауи балабақша: теориядан іс-әрекетке» атты республикалық форумда осы тақырып кеңінен талқыланды.

Форумға Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, Астана қаласы Білім басқармасының басшылығы, «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қоры қызметкерлері, инклюзивті білім беру мамандары, елордалық мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, еліміздің барлық аймағынан келген делегаттар қатысты.

– Мұнда республиканың түкпір-түкпірінен келген қатысушылар бір-бірімен тәжірибе алмасты. Бүгінгі таңда Астанада 500-ден астам мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жұмыс істейді. Олардың ішінде мемлекеттік және жекеменшік балабақшалар бар. Биыл 10 мыңнан астам орынды жекеменшік балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс ретінде орналастырдық. Орын тапшылығын жою мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 60 шақты балабақшаның құрылысы жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар әкімдік, Білім басқармасы және өзге де құзыретті органдармен бірлесіп шешіледі деп сенемін, – деді қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев.

Форум барысында мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесіндегі даму процесі, проблемалар мен инновациялар талқыланды. Педагогтардың үздіксіз кәсіби даму мәселелері айтылды. Атап айтқанда, table-talks пікірталас алаңында шеберлік сабақтары көрсетіліп, практикалық дағдылар ұсынылды. Аймақтардан келген қонақтарға елордалық үздік мектепке дейінгі ұйымдардың іс-тәжірибесі таныстырылды.

Республикалық форумда Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының басшысы Гүлшат Онланбекқызы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын арттыру», отбасы психологы Ержан Мырзабаев «Балабақша – ата-ана серіктестігін орнатудың тиімді жолдары» тақырыбында баяндама жасап, өз ойын ортаға салды.

Астананың Ж.Тәшенев атындағы №10 мектеп базасында инклюзивті білім беру бойынша қалалық ресурстық орталық ашылды. Мекеменің міндеті – жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне қолдау көрсету және көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту үшін тиісті жағдай жасау.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ

– Қазіргі уақытта мектепте көру қабілеті бұзылған 168 оқушы, оның ішінде 28 зағип бала бар. Ресурстық орталықтың мамандары елорданың жалпы білім беретін мектептеріне консультативтік және әдістемелік көмек көрсететін болады. Тифлопедагог, логопед, психолог және дефектолог сияқты арнайы педагогтар практикалық семинарлар, көшпелі консультациялар ұйымдастырады, сондай-ақ мектеп педагогтары үшін ақпараттық материал дайындайды, – деді №10 мектеп-гимназия директоры Бақытжан Орынбаев.

Өткен жылы Астанада 610 нашар көретін және 27 зағип баланың ата-анасы мамандандырылған қызметке жүгінді, оның 419-ы – мектеп жасында.

Инклюзия кабинеті 5 аймаққа бөлінген: әдістемелік бөлім, демалыс аймағы, логопед, дефектолог және баспахана. Мұнда арнайы жиһаз, оқу ойыншықтары, сенсорлық интеграциясы бар жұмсақ жастықтар, Брайль жүйесі бойынша оқуға, жазуға, басып шығаруға арналған тифлотехника бар.

– Инклюзивті білім беруді дамыту моделі бойынша еліміздің 6 өңірінде осындай сыныптар ашылып жатыр. Мұндай орталықтарды барлық білім беру мекемесінде ашу маңызды. Сонымен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жақын маңдағы мектептерде оқуға ыңғайлы болады, – деді «Дара» қорының өкілі Марал Шешембекова.

ӘР ӘЙЕЛ БАҚЫТҚА ЛАЙЫҚТЫ

«Махаббат, қызық мол жылдар» – қазақ әдебиетінің жауһары, асылы. Бұл – бір шығармаға бірнеше адамның тағдырын арқау етіп, әр оқырманның жүрегіне шынайы махаббат сезімнің сәулесін құя білген теңдесі жоқ еңбек.

Әйгілі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың нағыз шеберлігі мен қаламгерлік қуаты айқын көрініс тапқан шығарманың көтерген мәселесі мен бүгінгі қоғамның арасында қандай байланыс бар деген сұрақ туындайды. Әлбетте, байланыс бар. Әйел затының адалдығына табыну былай тұрсын, нәзік жандарды мазақтау мен қорлау бұрын да болған еді, қазір де азайғанның орнына көбейіп барады. Неге бұлай? Осы сауалға өзімше жауап іздеп көрейін.

1970 жылы жарыққа шыққан бұл романды қазіргі жастар да қызығып оқиды. Өз басым бұл кітапты жүрегімнің қалауымен екінші мәрте оқуға кірістім. Екі жастың махаббат сезімі бейнеленген шығарманы алғаш қолыма алғанымда ақ парақтарында қайғыға толы махаббаттың жасырылғанынан бейхабар едім. Романдағы тартысқа толы оқиғалар, шиеленіске түскен тағдырлар қатты қызықтырып әкетті. Ондағы оқиғалардың соңы жақсылықпен аяқталса екен деп үміттендім. Бірақ бас кейіпкерлер – ақылды да сұлу Меңтайдың бес күн жалғанда көрген қорлығы, ел мен жерді жаудан қорғап келген Ерболдың өз сүйіктісін қорғау жолындағы шарасыздығы қалың мұңға көміп тастады. Келешегінен зор үміт күткен жас қыздың өтіріктің құрбаны болып, ағасының майдандасы, арсыз Тұмажанға еріксіз берілуі, аппақ денесіне еркектің қолы тимеген жанның ақадал ар-намысының тапталуы жан-жүрегімді жабырқатып жіберді. Шым-шытырық шиеленісті сәттерде Тұмажанды Меңтайға ертіп апарған Ерболдың қылығын да түсінбей дал болдым. «Қызды қызық үшін жаратқан» деген тоғышарлық деңгейде қалып қойған Тұмажанды көрсем, бетіне былш еткізіп бірақ түкіретін едім…

Сонау Ақбілек, Ұлпандар заманынан бар әлсіз әйелді мазақ ету, қорлау адамзаттың санасы мен ойы қарыштап дамыған 21 ғасырда да жойылмағаны өкінішті. Ол аз десеңіз, өркениетті заманда қыз алып қашу, жас арудың пәктігін таптау, күңше ұрып-соғу, ауыр жұмысқа жегу, тіпті оп-оңай өлтіре салу үйреншікті нәрсеге айналды. Қазақша айтқанда, сондай сорақылыққа етіміз өліп кетті. Алысқа бармай-ақ, өзінің күйеуі қорлап өлтірген марқұм Салтанат Нүкенованың оқиғасы біздің қоғамды дүр сілкіндірді. Салтанат танымал адамның жары болған соң, бұл сұмдықты күллі ел естіп білді. Ол маған Дулат Исабековтің «Гауһартас» шығармасындағы Салтанатты еске салады. Екі заманның Салтанаты… Екі түрлі тағдырдың бір арнаға тоғысуы. Оқиғалардың байланысып тұрғаны соншалық, әртүрлі уақытта болғанына қарамастан ашы шындықты анық дәлелдеуде. Сол бір замандағы өзімшіл Ыбыш пен осы сәттегі былыққа батқан Бишімбаевтың мойнына бір емес, 2 адамның өмірі жазылды. Бірі – қадіріне жете алмаған аяулы жары болса, екіншісі өміріне мән берер соңғы үміті – сәбиі. Ал елге жария болмаған, зорлықшыл қанішерлердің қолынан мерт болып жатқан қазақ қыздары мен әйелдері қаншама?!. Біреудің қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсірген перзентіне адам есебінде қарамай, қорлап-зорлайтын, күң қылатын еркектердің бұ қоғамда өмір сүруі бәрімізді ойландыруы тиіс. Бүгінгі заманда барлық салада даму, өркендеу бар. Бірақ… әйел затын қорғауға келгенде керісінше құлдырауға ұрындық. Өйткені рухани құндылықтар шайылып, адам баласы материалдық құндылықтарға басымдық беруде.

Осы кітапты оқығаннан кейін бір түсінгенім, әйел еркектен бір саты төмен тұруы керек дегенді кейбір адамдар керісінше қабылдайды. Тоғышарлық сананың шырмауынан шыға алмағандар әлі де көп. «Махаббат, қызық мол жылдар» – ақ пен қараның, әділдік пен әділетсіздіктің бітіспес күресі жүріп жатқанын көрсететін шығарма. Меніңше, бұл кітапты әрбір қазақ оқып, ой түйіп, жолы жіңішке қыз балаға ұлттық сана биігінен қарауы қажет. Себебі ұлттың ұяты да, болашағы да – әр қазақ қызының ар-намысында, абырой-пәктігінде жатыр. Оны құрметтеп, көздің қарашығындай сақтай алмасақ, ұлт ретінде өсіп-өркендемейміз. Әр әйел заты бақытқа, бақытты болуға лайықты. Әйел бақытты болса, ұрпақ та бақытты ғұмыр кешеді. Ал әйелді жылатсақ, обалына қалсақ, шынайы махаббатты қорласақ, алға баспаймыз. Шығарманың негізгі түйінді айтатын ойы – осы. Болашақта журналист болып, қолыма қалам ұстасам, әйел бақыты деген тақырыпты терең зерттеп, қоғамды оятатын, көптеген адамдардың ой-пікірін өзгертетін өткір, тұшымды дүниелер жазамын деген арман-мұратым бар.

Әлем әйелмен әдемі, ал әлем әйелге әділетті болуы тиіс.

Аружан ЕСЕНГЕЛДІ,
Астана қаласындағы
№8 мектептің оқушысы

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

ЖАҚСЫ МАМАНҒА АЛҒЫС КӨП

Карантин кезінде қазақстандық дәрігерлер өмірін тәуекелге тігіп, елдің аманатын орындап, тәулік бойы көз ілмеді. Әр адамның денсаулығын сақтап, үміт сыйлап, вирусты жеңу миссиясын абыроймен атқарды. Дәрігерлердің мәртебесін көтеру мақсатында Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен «Astana Filarmonia» залында «Жақсы дәрігер» медициналық фотокөрмесі ашылды.

Фотокөрмеге Астана қаласы әкімдігіне қарасты ауруханалар мен емханалардың тыныс-тіршілігі live форматта фотоға түсіріліп, қойылған. Әрбір кадрда дәрігерлердің мейірімді көзқарасы мен тынымсыз еңбегі анық таңбаланған. Күнделікті дәрігердің тыныс-тіршілігі туралы суреттер сөйлейді. Көрмеге жалпы барлығы 72 фото суреттер қойылды. Атап айтқанда, Астана қаласы бойынша №2 қалалық балалар ауруханасы, №2 көпбейінді қалалық ауруханасы, №7,5, 9 қалалық емханалардың күнделікті жұмысынан түсірілген суреттер көрмеден орын алған.

Іс-шараға Денсаулық сақтау министрлігі мен Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері, ҚР Парламенті мәжілісінің және сенаттың және мәслихат депутаттары, Астана қаласы әкімдігіне қарасты ауруханалар мен емханалардың басшылары, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер мен журналистер қатысты. Көрмені денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе ұйымдастырған – «Sultan magazine» 4 тілде шығатын қоғамдық-саяси, ақпараттық-танымдық журналы.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Коронавирус індеті медицина ғылымын дамытудың да өзекті екенін көрсетіп берді. Алдағы уақытта елімізде медициналық-биологиялық зерттеулерге ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені айбынды әскермен бірге мықты медицина да – мемлекеттің негізгі қалқаны. Бұдан былай оның өзектілігі арта түсетіні сөзсіз» деген болатын. Көрменің салтанатты ашылу рәсімінде келген қонақтар сала мамандары жайлы осындай жылы лебіздер айтты.

«АУТИЗМ. МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ»

Жыл сайын 2 сәуірде Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату күні атап өтіледі. Аутизм – бұл өмірдің алғашқы үш жылында көрінетін тұрақты дамудың бұзылуы және мидың жұмысына әсер ететін неврологиялық бұзылыстың салдары. Аутизм, негізінен, жынысына, нәсіліне немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан балаларға әсер етеді. Осы датаға орай Астана қаласында «Аутизм. Мүмкіндіктер әлемі» атты қалалық іс-шаралар апталығы өтті.

Аутизм балада 3 жасқа дейін байқалады. Дамуда ауытқушылық болады, салдарынан бала әлеуметтік ортамен қарым-қатынас орната алмайды. Бүгінгі таңда елордада балалар саны 500 мың адамды құраса, соның ішінде эмоционалды саласы бұзылған балалар саны – 3479 адам. Білім басқармасы осындай санаттағы балаларға жағдай жасау бойынша барлық шараларды қабылдауда. Қазір таңда 4 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 2 оңалту орталығы, 29 инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді және екі аутизм орталығы бар. Осыған орай елордада 1-5 сәуір аралығында білім беру ұйымдарының арнайы мамандарына арналған конференциялар, оқыту семинарлары, Ашық есік күндері, ата-аналарға арналған кеңестер өтті. Іс-шаралардың мақсаты – аутизммен ауыратын балаларға, олардың отбасыларына көмектесу және олардың өмір сүру сапасын жақсарту қажеттілігіне қоғамның назарын аудару.

Әлемде 67 млн адам аутизмге шалдыққан. Аурудың пайда болу себептері туралы мамандардың нақты байламы жоқ. Бұл – толық зерттелмеген дерт, бала дамуындағы, оның ми жүйесіндегі ауыртпалықтың күрделі түрі, – дейді дәрігерлер. Аутизм «өзім» дейтін мағынаны білдіреді, яғни бала өз әлемімен сыр шертіп, сыртқы құбылыстарды қабылдамайды. Ғалымдардың тексерісіне сенетін болсақ, аутизм баланы туар алдында аналардың күйзеліске, психологиялық бір өзгерістерге ұшырауынан болады. Бұл диагнозды негізі психиатрлар қояды, басқа еш маман қоя алмайды. Аутистермен жұмыс істеу үшін баланың дамуындағы ауытқуларды ерте анықтау өте маңызды. Елімізде аутизмді диагностикалаудың бірнеше түрі бар, солардың бірі – американдықтар ойлап тапқан АДОС жүйесі. Кей мәліметтерге сүйенсек, аутизм – бұл ауру емес, тек психикалық даму мен орталық жүйке жүйенің бұзылуы арқылы сипатталатын құбылыс. Басқа жағынан бала сап-сау тұлға болып саналады.

Астана қалалық №3 емханасының психологы Юлия Демидованың айтуынша, шамамен 12 айлығында аутизмнің баржоғын 50 пайыз анықтауға болады. 14 айына қарай бұл көрсеткіш 80 пайыз, ал 1 жарым жаста 83 пайыз белгі береді. Алайда көбіне диагноз 2-3 жаста қойылады.

САЛАЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Астана қаласының №11 қалалық емханасында 2015 жылы ашылған Арнайы мамандандырылған бөлімшесінде салалық 38 түрлі дәрігер жұмыс істейді. Әдетте барлық жерде осы мамандар жетіспейтіндіктен оларға деген сұраныс та жоғары. Осы орайда мұндай қат кадрлардың жұмысы туралы бөлімше меңгерушісі Қарлығаш Қанатқызы айтып берді.

Семей мемлекеттік медицина академиясын тәмамдаған меңгеруші дәрігердің жалпы еңбек өтілі 13 жылды құрайды. Осындай білікті мамандар еңбек ететін аталған емханада 41739 тұрғын тіркелген. Оның ішінде әртүрлі созылмалы аурулары бойынша 7846 науқас тіркеуде тұр.

– Қазіргі таңда бөлімшеде 91 медицина қызметкері еңбек етеді. Атап айтқанда, олардың ішінде кардиолог, невропатолог, онколог, маммолог, окулист, хирург, ортопед-травматолог, уролог, ангиохирург, гематолог, иммунолог-аллерголог, практолог, лор-дәрігер, ревматолог, рентгенолог, инфекционист, стоматолог, гастроэнтролог, эндокринолог, логопед, реабилитолог, врач-практолог, УЗИ мамандары еңбек етеді. Бәрі де – жоғарғы санатты дәрігерлер. Бөлімше 95% арнайы аппараттармен жабдықталған. Емхананың 1-қабатында «Жасыл дәліз» жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе онкологиялық дертке шалдыққандарға, мүгедектерге, жүкті әйелдерге көмек көрсету үшін қолданылады. Нақтырақ айтсақ, арнайы әлеуметтік қызметкерлер сондай науқастарға қызмет көрсетіп, олар кезек күтпей барлық медициналық тексеру, емделу түрлерінен өтеді, – дейді дәрігер.

Бүгінгі таңда аталған салалық дәрігерлердің жетіспеушілігі барлық ауруханалар мен емханаларда байқалады. Соған қарамастан қолда бар кадрлар халыққа тиісті қызмет түрлерін көрсетуде. Науқастар үйден шықпай-ақ қаралу үшін оларға салалық бейінді дәрігерлер мобильді қосымшасы ұсынылады. Сол арқылы олар дәрігерлерге онлайн-қабылдауға жазыла алады.

– Біздің бөлімшеге күніне 570-600-дей пациент келіп, салалық мамандарға қаралады. Көбіне онкологиялық аурулар, қан айналым жүйесінің, зәр шығару, жыныс мүшелерінің дертіне шалдыққандар жиі келеді. Олардан кейінгі орында ас қорыту және тері аурулары көп. Бұл соңғы уақытта жасөспірімдер арасында көбейді, пациенттер жалпы практика дәрігерінің жолдамасынсыз біздің салалық мамандарға қай кезде жүгіне алады?

Біріншіден, шұғыл жағдайлар мен жарақаттар, оның ішінде офтальмологиялық, оториноларингологиялық және басқа жарақаттар алған кезде, екіншіден, дерматовенерологиялық бейіндегі аурулар, тіркелген жері бойынша акушер-гинеколог пен психологтың қабылдауы, онколог және онкогематологтың қабылдауы, диспансерлік есепте тұрған пациенттердің кардиолог, эндокринолог, офтальмолог, невропатолог, хирург қабылдаулары, бейінді маманның өз тағайындауы бойынша қайта қабылдау, жастар денсаулық орталықтарындағы мамандардың қабылдауы, жылжымалы медициналық кешендердің және басқа да мобильді қызметтердің қызметтерін көрсету кезінде бізге бірден келе береді, – дейді бөлімше меңгерушісі.

Емханадағы колл-орталық қызметі де дәрігерге қараларда кезекке тұрмай, тікелей баруға арналған әдістердің балама нұсқасы. Салалық дәрігерлердің қабылдауына жазылу үшін 8-7172 697185 және 87780037145 кол-орталық нөмірлеріне хабарласуға болады. Дәрігерлер біліктілігін арттыру үшін жылына бөлімшенің 10-12 салалық маманы оқуға жіберіліп отырады. Әр 5 жыл сайын олар санатын көтеру бойынша сертификат алуға сынақтан өтеді.

Дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

№41 (4629) 06/04/2024 Сенбі

ЖҮЗ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЗУМЕН ЖАҒАЛАСЫП...

Қазақ тарихында маңызды орын алатын оқиға – қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне биыл 100 жыл толды.

Съезде қазақ жазуына негіз болатын жүйе; қазақ тіліндегі дыбыстардың жіктелуі; «б», «д», «ғ», «г» дыбыстары; «қ» мен «к», «ғ» мен «г» дыбыстарының табиғаты; «у» мен «й» дыбыстарының табиғаты; қазақ тіліндегі ымыра; «х», «ш», «ф», «h» әріптері; сүйеу таяқ; бітеу буын ережесі; т. б. мәселелер баса талқыланды. Әсіресе «у», «й» дыбыстарының табиғаты талас тудырады. Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров сынды ғалымдар қазақша дыбыстарды дыбыс жүйесінше жіктегенде «у» мен «й» дауысты дыбыстарға жатпай, дауыссыз «р» мен «л»-ға қосылып кететінін, қазақша «тау», «мүйіз» сықылды сөздер бірсыпыра түрік халықтарында «тағ», «мүгіз» түрінде айтылатынын негізге ала отырып, «у» мен «й» дауыссыз екенін дәлелдегенмен, съезге қатысушылар арасында бірауыздылық болмағандықтан, бес кісіден (Ахмет Байтұрсынұлы, Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Халел Досмұхамедұлы) құралған комиссия жасақталып, бұл мәселе арнайы талқыланады. Комиссияға Ахмет Байтұрсынұлы төрағалық етеді. А.Байтұрсынұлы аяғы «ұу», «ыу», «ый» болып тынатын сөздерге түрлі қосымша жалғап, оны дауысты дыбыстардың жұрнақ-жалғауымен салыстырғанда да, қай жағынан тексергенде де «у» мен «й» дыбыстарын дауысты деуге болмайтынын, екеуінің де дауыссыз екенін дәлелдейді. Қазақ тілінде дауысты «у» мен дауысты «й»-дың бар-жоғын дауысқа салған кезде Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Нығметжан Шағиұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Ерғали Алдоңғарұлы, Мырза Наурызбайұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Рүстем Ақбаруұлы – барлығы 11 кісі қазақ тілінде дауысты «у», «й» дыбыстары жоқ екенін қолдап дауыс береді, 6 адам (Рақым Сүгірұлы, Ишанғали Арабайұлы, Мұқтар Мырзаұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Нұғыман Залыұлы, Нұртаза Ералыұлы) қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар екенін қолдап дауыс береді. Съезде зиялылар «у» мен «й»-дің жазылуы дыбыс жүйесінше болуы керек» деген шешімге келеді.

Білімпаздар съезінің жазу ережелері тақырыпты қаулысы бойынша:

* «х», «ф», «h» әріптері қазақша әліпбиден шығарылады;

* бұрын «ч» әрпімен жазылып жүрген дыбыстың әрпі «ш» болады; «ч» әрпі қазақша әліпбиден шығарылады;

* сөз басындағы дауысты әріптің алдында сүйеу таяқ жазу ережесі бұзылады; дауысты әріптер сөздің басында да басқа жерлеріндегідей сүйеу таяқсыз жазылады; сөз басындағы «а» мәтсіз «а» болып жазылады;

* «ғ» әрпі нүктесіз «ғ» болып жазылады;

* қазақ тіліндегі дыбыстардың саны 24; олардың әліпбидегі реті а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, к, қ, г, ң, л, м, н, о, ү, у, е, ы, ш түрінде болады;

* 24 дыбыс өз ішінен дауысты (а, о, ұ, е, ы); жарты дауысты (р, л, у, и; ұяң: ң, м, н); қатаң (б, п, т, с, ш, қ, к); ымыралы (ж, з); ымырасыз (д, ғ, г) түрінде жіктеледі;

* ымыралы дыбыстарға «д»-мен басталып жалғанатын жалғау, жұрнақтар («дікі», «дағы») қатаң дыбыстарға «т»-мен басталып жалғанады, олардың жазылуы дыбыс жүйесінше болады;

* «ы» бітеу буында жазылмайды» деген ереже бұзылады; «ы» бар жерінде қалмай жазылады («ынтық», «бій», «жазыу»);

* сөз артынан айтылатын демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады. Ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылса, түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады («жақсыма?»; «жақсы ақ ба?»; «жақсы-мысын?»; «жақсы-ақбысын?»);

* үндестік заңына келмейтін «кер», «дікі», «паз» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады. Ондай жұрнақпен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса, дәйекші жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылады («тұздікі», «түздікі», «сөзіуар», «білімпаз»); т. с. с.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің 15 маусымдағы күндізгі мәжілісінде әліпби туралы баяндаманы қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым, қазақ жазуының реформаторы А.Байтұрсынұлы жасайды. Мәжілісте бірінші боп сөз алған ғалым әліпби түзеу түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе екенін айта келіп, түрік әліпбиінің түбі арабтан шыққанмен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, оны «араб әліпбиі» демей, «түрік әліпбиі» деп атап тұрғанын ескертеді. Ахмет Байтұрсынұлы түрік жұрттары әліпби түзегенде бәрі қосылып, бір әліпби түзей алмайтынын ескерте келіп, оның өзіндік себептерін: «Өйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап әліпби жасауға болмайды, өйткені олай жасалған әліпбидің не әріптері түс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тиіс. Сондықтан «түрік жұрттары үшін бір әліпби түзеу» деген мәселені «бір әліпбиді бәрі негізге алып, түрік жұртының әрқайсысы өз тіліне үйлестіру» деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі негіз болар-лық әліпбій керек; сол әліпбиді қарастырып табуымыз керек» деп нақтылайды.

Ахмет Байтұрсынұлы жақсы әліпбидің 4 түрлі сипатын көрсетеді: «Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер, бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; бойынды қысып, тәніңді құрыстырып, тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби де қолайсыз болады. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліпбидің әріп сүгіреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс, әрпі тізгенде оңай тізілетұн, басқанда орынды аз алатұн әліпби баспа сөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сыпатқа келмейтұн әліпбилердің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ. Тұтынып жүрген түрік әліпбиін бұлдағанымызда да, басқа әліпбиді бұлдағанымызда да осы төрт сыпат жағынан қарап бұлдауымыз керек».

> Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс. Жақсы әліпби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Жақсы әліпби әрпі сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болады



Ғалым тұтынып жүрген әліпбиді тастап, басқа әліпби алу өте қиын жұмыс екенін, оны істеуге көп күш, көп қаржы керек болатынын, ондай өзгеріс істеуге адамы, құралы сай, жұмсауға қаржысы мол, әлді жұрттардың қолынан келетінін, қазақ сияқты «анасы да, мынасы да жоқ, мешеу жұрттарға бір әліпбиді тастап екінші әліпбиді ала қою оңай жұмыс емес» екенін ескерте келіп, қазақтардың түрік әліпбиін түзеп, тіліне шағындап әліпби жасап алғанына он жылдан асып бара жатқанын айтады: «Қазақ әліпбиі түрік әліпбиін негізге алып, қазақ тілі үшін әліпби жасау оңай екенін көрсетті. Қазақ «басқа әліпби аламыз» десе, «өзгелерді еліктеумен аламыз» демесе, «өз әліпбиі жарамағандықтан, шарасыз болып аламыз» демейді. Қазақ тілінің дыбыстары анықталып, ашылған, ол дыбыстарға әріп арналған. «Әліпби» деген осы болады. Біз: «Әліпби түзейміз» дегенде «түрік әліпбиін тілімізге келмеген соң тастап түзейміз» демейміз, «Әліпбиіміздің түзелмей қалған жағы бар; сонысын ғана түзейміз» дейміз».

Ахмет Байтұрсынұлы жақсы әліпбидің белгілерін негізге ала отырып, латын әліпбиі мен түрік әліпбиін өзара салыстырады. Тілге шақтығы тұрғысынан талдай келіп, ғалым қазақ дыбысына түрік әліпбиінен ережесіз, өзгертусіз 19 әріп сәйкес келсе, латын әліпбиінен 14-ақ дыбыс сәйкес келетінін; түрік әліпбиінде бір дыбысқа екі әріп (диграф) алынбайтынын; латын әліпбиін алғанда ондай болатынын; жазуға жеңілдігі тұрғысынан түрік әліпбиі латын әліпбиінен әлдеқайда озық екенін, түрік әліпбиінде қаламды бір сермеумен жазылатын әріптер көп екенін («қаламның бір сермеуімен жазылатұн әріп екі сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуімен жазылатұн әріп ұзын сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады»); түрік әліпбиінде қалам сермеуі 33-41 (көбі – нүкте), латында 53 екенін, түрік әліпбиіндегі сермеудің көбі нүкте сияқты қысқа сермеу екенін ескертеді; баспаға қолайлылығы жағынан алғанда да түрік әліпбійінің баспасын дараласақ, тағы да латын әліпбійінен әлдеқайда артық болып шығатынын айтады. Жақсы әліпбидің төртінші қасиеті – үйретуге жеңілдігі екенін ескерте келіп, 1) әріптерінің пішіні сара; 2) баспа түрі мен жазба түрі жақын; 3) суреті жазуға шеберлікті онша керек қылмайтын әліпби үйретуге жеңіл болатынын айта келе «түрік әліпбиінің 14 әрпін жазып үйренген соң былайғы оны үйретусіз жазылатынын» ескертеді. Екі әліпбиді салыстыра келе Ахмет Байтұрсынұлы: «Тексеріп қарасақ, латын әліпбиінің түрік әліпбиінен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс, оны әркім-ақ қостауы тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны «дұрыс» деп қостауға болмайды. «Латын әліпбиін аламыз» деушілер ол әліпбидің түрік әліпбиінен не артықтығын айқындап ашпай, пайдалы екенін байналап түсіндірмей, «тек пәлен-түлендер алып жатыр; біз де аламыз» дейді. Еліктеу мен лепірту базары көтеріңкі нәрсе екені рас; бірақ «біреу алып жатыр екен» деп латын әліпбиін алуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. Тек еліктеуді «маймылша еліктеу» деп айтады. Тесе қарап тексеріп, «түрік әліпбиінен латын әліпбиінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау» деп көзге көрсеткен ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сыйақты көрінеді» деп сөзін қорытады.

Ахмет Байтұрсынұлы түрік әліпбиінің тиімділігін жанжақты дәлелдегенмен, Мәскеудің арнайы тапсырмасымен келген Нәзір Төреқұлұлы латын әліпбиіне көшу туралы мәселе көтереді. Н.Төреқұлұлының баяндамасынан кейін күндізгі мәжілісте Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы, кешкі мәжілісте Халел Досмұхамедұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Ишанғали Арабаев сынды зиялылар да А.Байтұрсынұлы ұстанымын жақтап сөйлейді. Мәжіліске қатысушылар латын әліпбиін жақтаушылар мен түрік әліпбиін жақтаушылар ретінде екіге бөлінеді. Түрік әліпбиін Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Ишанғали Арабаев сынды зерттеуші-ғалымдар жақтаса, латын әліпбиін көменес партиясының қазақстандық комитетінің өкілі Ерғали Алдоңғарұлы, Қостанайдың гүбірнелік оқу бөлімінен келген өкіл – Нұртаза Ералыұлы, Қанапия Қазанғапұлы сияқты қайраткерлер жақтайды. Қорытынды сөзге шыққан Ахмет Байтұрсынұлы: «Нәзірдің бар дәлелі – латын әріптері даралығынан баспа жұмыстарына жеңілдік келтіретүндігі ғана. Біз де түрік әрпінің дара түрін тауып отырмыз. Сонымен жазғанда бұрын түрікше таныйтұндар ежелеп болса да оқый алады. Латын әрпімен басылған сөздерді ежелеп оқыуға да жоқ. Латын әрпін еліктеп азырбайжан да алып еді. Аяғында іске асыра алмай, бұл уақытта бұрынғы шығарған декретін өзгертіп, түрікше әріпке қайта айналып келіп отыр» дей келіп, өз жобасында: «қазақ тұтынып отырған түрік әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйретіу жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек. Латын әліпбиінің түрік әліпбиден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік әліпбиінің баспа түрін дараласақ, жоғалатын болғандықтан, жаңа да латын әліпбиін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан, «латын әліпбиін алу» деген сөзді ауызға алмасқа керек» деген қарар шығарады. Нәзір Төреқұлов: «Түрік әліпбиінің өзін түзету өзге әліпби алуын анағұрлым оңай» деген сөздерді шығарып, қалғанын қабылдау, 2-бапты мүлде шығарып тастау туралы ұсыныс жасағанмен, 11 дауыс басымдықпен Байтұрсынұлының жобасы өзгеріссіз қабылданады.

> Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне 100 жыл толғанмен, съезде сөз болған мәселелер әлі де өзекті. Дауысты, дауыссыз дыбыстар, «й», «у» дыбыстарының статусы, емлесі, қазақ жазуына негіз болатын ұстанымдар, қазақ әліпбиіндегі әріптер, т. с. с. мәселелер зерттеушілер арасында қызу талас тудырып келеді

Осы кезде Қостанайдың гүбірнелік оқу бөлімінен келген өкіл – Нұртаза Ералыұлы «Жобаның 2-бабындағы «Латын әліпбиін алу» деген сөзді ауызға алмасқа керек» деген сөздің орнына «Латын әліпбиін алу ертерек» деген сөзді кіргізу туралы ұсыныс жасайды. Осыған байланысты Міржақып Дулатов «Жобаның аяғындағы «ауызға алмасқа керек» деген сөздің орнына «Латын әліпбиін алу» деген сөзді орынсыз деп тану керек» түрінде өзгерту туралы ұсыныс жасайды. Ахмет Байтұрсынұлы бұл ұсынысқа келісетінін білдіреді.

Сөйтіп, Байтұрсынұлының әліпби туралы жобасы «Қазақ тұтынып отырған түрік әліпбиінің баспа түрінің дара болмауы баспа ісіне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылыу үшін түрік әліпбиінің өзін түзетіу өзге әліпби алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек. Латын әліпбиінің түрік әліпбиден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік әліпбиінің баспа түрін дараласақ, жоғалатын болғандықтан, жаңа да латын әліпбиін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан, «латын әліпбиін алу» деген сөзді орынсыз деп таныу керек» түрінде қабылданады.

Алайда қаулы қабыл алынғаннан кейін Нұртаза Ералыұлы Нұғыман Залыұлы Қазақстан орталық атқару комитетінің мәжілісінде болуына байланысты съездің бұл күнгі мәжілісіне қатыса алмай отырғанын алдыға тартып, қайраткердің әліпби туралы жазып, қол қойып жіберген ұсынысын оқып шығады да, оны дауысқа салуды тілейді. Нұғыман Залыұлының ұсынысы дауысқа салынғанда қолдаушылардың саны да, қарсылардың саны да бірдей (сегіз-сегізден) болып шығады. Сол кезде мәжілісте болмағанмен, ұсынысына қол қойып берген Нұғыманның өз дауысы қосып есептеледі де, қолдаушылардың саны 9, қарсылардың санын 8 дауыс түрінде есептейді. Бұл туралы кейінгі жазбаларында Әлихан Бөкейхан қазақ-қырғыз білімпаздар съезінде латыншылдардың саны аз болғанмен, күн санап көбейіп бара жатқанын айта келіп, саяси астарын меңзейді.

Бүгінгі таңда қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне 100 жыл толғанмен, съезде сөз болған мәселелер әлі де өзекті. Дауысты, дауыссыз дыбыстар, «й», «у» дыбыстарының статусы, емлесі, қазақ жазуына негіз болатын ұстанымдар, қазақ әліпбиіндегі әріптер, т. с. с. мәселелер зерттеушілер арасында қызу талас тудырып келеді. 1930 жылдардан кейін етек алған еуропоцентристік үстемдіктен түпкілікті ажырау үшін ұлт зиялыларының ұстаным-тұжырымдарын басшылыққа алуымыз керек-ақ! Бұл орайда Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы сынды Алаш зиялылары қатысып, ұстанымын айтқан съезд материалын зерттеп, зерделеудің маңызы зор.

Орынай ЖҰБАЙ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы

ПАРАСАТТЫ ТҰЛҒА ЕДІ

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Сенатының тұңғыш төрағасы, «Отан» орденінің иегері Өмірбек Байгелді дүниеден өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қайраткердің отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Өмірбек Байгелдіұлы егемендіктің берік іргетасын қаласқан тұғырлы тұлға, Отанымыздың дамуына қажырлы еңбек сіңірген ұлтжанды азамат болды. Қазақстан Республикасы Парламентінің қалыптасуына зор үлес қосты. Ғибратты ғұмыр иесі өзінің нағыз парасатты тұлғаға тән қадір-қасиетімен барша жұрттың сый-құрметіне бөленді. Соңына жарқын із қалдырған Өмірбек Байгелдіұлының есімі мен бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, – деп жазылған жеделхатта.

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев:

– Өмірбек Байгелдіұлы – егемен еліміздің еңсе тіктеп, ірге бекітуіне зор еңбек сіңірген тұлға. Азаттық алған кезеңде өзі туған Жамбыл облысының алғашқы әкімі болып, өңірдің дамуы жолында айқын қолтаңбасын қалдырды.

1995 жылы Сенат депутаты ретінде сайланып, тәуелсіз Қазақстан тарихында Парламент Сенатының алғашқы төрағасы болды. Осылайша, ұлттық парламентаризмнің қалыптасуына үлкен үлес қосты. Өмірбек Байгелдіұлы бұдан бөлек, тағы үш шақырылымда сенатор болып, ұлтқа қызмет етудің озық үлгісін көрсетті. Қызметтен кейін де Сенаторлар кеңесінің мүшесі ретінде палата жұмысына, жалпы ел өміріне белсенді араласып келді.

Ағамыздың ғибратты ғұмыры қашанда көпке үлгі, ұрпаққа өнеге болып қала береді. Оның жарқын бейнесі әрдайым біздің жадымызда сақталады, – деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында.

Белгілі журналист, көсемсөзші Мейрамбек Төлепберген Өмірбек Байгелді шын мәнінде шыңыраудан шыңдалып шыққан аса жігерлі, қоғамшыл, еңбекшіл, талапшыл басшы, сонымен қатар ұлт руханиятының үлкен жанашыры болғанын атап өтті. Ел мен жер тарихына қатысты көне тарихты тереңірек түсініп, замандар үрдісінде танып, білуге нақты қадамдар жасағанын, сонысымен мемлекеттің биік лауазымында тынымсыз қызмет атқарған тұлғаларға қадірлі болғанын айтып өтті.

– Қашан да құшағы кең, бауырмашыл және үлкен-кішімен бірдей емен-жарқын ой бөлісуге етене жақын, ел бірлігі, ертеңгі келешек, адамдарға жақсылық жасау тақырыбында ой-толғамдары ерекше ізденістер мен қамқор көңілге толы пейілде айтылатын. Ал мемлекеттік қызметтерде өсу баспалдақтары ұстамдылық, біліктілік, еңбексүйгіш және адалдық қасиеттерімен танылды. Ол өзі туып, өскен, айтулы азамат, саяси қайраткер дәрежесінде қалыптасқан Жамбыл облысының басшысы болды. Қазақстан Парламенті Сенатының алғашқы төрағасы ретінде де ел есінде. Көп жыл Сенат депутаты болды. Иманжүзді, мейірімді жанның құрметі барлық уақытта сезіліп тұратын.

Ел ағасы кезеңінде парасатты, сабырлы, мейірімді, турашыл қалпында ұлтқа адал қызмет етудің жақсы үлгісін көрсетті. «Қариясы бардың қазынасы бар» деген даналықтың төрінде болды. Сексен бес жастың белесінде дүниеден озған қадірлі жанның артында қалған өшпес ізі ел жадында сақталар, ол іздеушісі бар абзал аға! – деді Мейрамбек Төлепберген.

Қоғам қайраткері Дархан Мыңбай Өмірбек Байгелді ата дәстүрді жалғап, тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін бекемдегенін, жоғары заң шығарушы билік тармағын басқарып, парламентаризмді дамытуға өз үлесін қосқан абыз ақсақал болғанын айтып өтті. Тұлғаны адамгершілігі, байсалды мінезі, ғылыми-тәжірибелік көзқарасы, шығармашылық ізденісі өзге жоғары мансаптылардан ерекшелеп тұратынын атап өтті.

– Экономика, ауыл шаруашылығы және өндіріспен қатар ол тарих, мәдениет, әдебиет, спорт, діни ағартушылық салаларына да шынайы жанашырлық танытып, көп іс тындырды. Соның ішінде бұрын беймәлім болып келген Иордания жеріндегі Мұса пайғамбардың кесенесін Сұлтан Бейбарыстың салғаны жөніндегі зерттеуі, Балуан Шолақтың мүсініне қатысты, қазақтың атын әлемге шығарып жүрген жас таланттар туралы тың пікірлері тарихта жазылып қалды.

Қандай қоғамдық бастамада, ортақ істе болсын, Өмірбек Байгелдіұлы әуелі ұлтымыздың мәртебесі мен мүддесін ойлады, мемлекетімізді әділетті, озық, өркениетті елдер қатарынан көргісі келді. Әттең, бір кем дүние. Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның осындай атаумен кітап жазуына себеп болған да Өмекең. Әсіресе, тоқсан тоғыз жирен қасқа хикаясы тағылымды еді. Қаратау қойнауындағы Қарағай елі дуана қарғысынан Еңбек ері Байгелдінің тұсында ғана арылған… Енді, міне, қаламгер бауыры аттанған мәңгілік сапардың соңына өзі де ілесіп кете барды, – деп жазды Дархан Мыңбай.

***

Кеше Астанада жұртшылық мемлекет қайраткерін соңғы сапарға шығарып салды. Бейбітшілік және келісім сарайында қаралы жиын өтіп, көрнекті тұлға Ұлттық пантеонда жерленді.

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту жеделхатын оқып беріп, Өмірбек Байгелдінің өмір жолына, елге сіңірген еңбегіне тоқтала келе, отбасы мен туған туысқандарына көңіл айтты.

Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов «Өмекең шынында да өте өнегелі, өте мәнді, мазмұнды өмір сүрді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдардағы тағдыршешті шешімдер қабылданған кезде Өмекең сол істердің белортасында жүрді. Бұл туралы Республика күніне арналған салтанатты жиында Мемлекет басшысы айтып, сол жылдары еліміздің егемендігінің негізін қалаған азаматтар арасында Өмірбек Байгелді есімін ерекше атап өтті. Өз басым Өмірбек Байгелді Қазақстан парламентаризмі бастауында тұрған тұлға деп айта аламын» деді.

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова Үкімет басшысының атынан көңіл айта келе, Өмірбек Байгелді тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміздегі тұңғыш әкімдердің бірі болғанын, ел үшін сол қиын кезеңде өзі басқарған өңірді тығырықтан алып шыққанын атап өтті.

Елорданың «Бәйтерек» және «Астана» аула клубтарында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

АУЛА КЛУБЫН АТА-АНАЛАР ҚОЛДАЙДЫ

Аула клубтары «Астана жастары» жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, балалар мен жасөспірімдер арасында спорт жарыстары мен өнер қойылымдарын өткізді. Мерекелік іс-шара клуб мүшелері өнер көрсеткен салтанатты концертпен ашылды. Шығармашылық ұжымдар ұлттық би, вокал, домбыра мен гитарада ойнау шеберлігін көрсетті. Дойбы, шахмат, бокс, дзюдо және еркін күрестен турнир ұйымдастырылды. «Бәйтерек» аула клубының жетекшісі Бақыт Айданбекова балалар мен жасөспірімдер арасындағы спортты дамытудың ерекше маңызын атап өтті.

«Кез келген спорт түрі өскелең ұрпақты күш, ерік, патриотизм рухында тәрбиелейді. Сондықтан біз балалардың спортқа деген қабілетін көрсетуді, ұлттық ойындарға қатысуын жөн көрдік» деді Бақыт Айданбекова.

Спорт жарысынан басқа, клубтар ауласында асық және арқан тарту секілді ұлттық ойындар өтті, оған балалар ғана емес, ата-аналар да қатысты.

«Қызым аула клубында сурет салу сабағына қатысады, сондықтан әдеттегі іс-шараларға қатыспайды. Осыған қарамастан, біз аула клубындағы барлық мәдениспорттық іс-шараларға қызығушылықпен барамыз, бұл – біз үшін мәдени демалыс» деді клуб тәрбиеленушісінің анасы Эльмира Байрамғалиева.

Мерекелік іс-шараға елордалық еңбек сіңірген мұғалімдер, ардагерлер, зейнеткерлер, сондай-ақ Байқоңыр ауданының тұрғындары шақырылды. Қонақтарға бауырсақтар мен тәттілер ұсынылды.

Жарысқа қатысқан аула клубтарының тәрбиеленушілерін Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев құттықтап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге жаңа жеңістер тіледі. Сондай-ақ балаларын қолдауға келіп, жанкүйер болған белсенді ата-аналарға алғысын айтты.

«Астана қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі Республика даңғылы, 34 мекенжайында орналасқан Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымына конкурс жариялайды

Лауазымдық міндеттері:

- мәдени-демалыс ұйымының қызметіне басшылық жасайды (шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағарту жұмыстары);
- ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметіне басшылық етеді;
- мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- шарттарды және мәмілелерді жасайды, қажетті есептіліктердің ұсынылуын қамтамасыз етеді;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Мыналарға жауапты болады:

- қаржы-шаруашылық қызметіне, мүліктің сақталуына;
- таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны үшін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған жүктелген өзге де функциялары үшін.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: педагогикалық ғылымдар, өнер, гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, бизнес, басқару және құқық; инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер; мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

Конкурсқа қатысуға үміткер келесі құжаттарды ұсынады:

- конкурсқа қатысуға өтініш;
- мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- еңбек кітапшасының көшірмесі;
- № 075/у нысанындағы денсаулығы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушылар конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11 мекенжайы бойынша «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ, 7-қабат, 749-кабинетке қажетті құжаттарды тапсыруы қажет, анықтама телефондары: 55 01 86, 55 67 75.

ӨРТ КЕЗІНДЕ БАЛАЛАР НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?

Әр бала отпен ойнау қауіпті екенін біледі. Статистика бойынша, пәтерлердегі өрттердің басым бөлігі балалардың кінәсінен болады.

Балалардың абайсыздығынан мүлкіңіз және одан да маңыздысы, отбасыңыз бен жақындарыңыз зардап шекпеуі үшін отбасында отпен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіріп, ол туындай қалған жағдайда не істеу керектігін үйретуіңіз кажет. Алдымен, пәтерде иіс пайда болған кезде, дереу оның қайдан шығып жатқанын анықтауға тырысыңыз. Өрт одан әрі өршімес үшін барлық терезелер мен есіктерді жабыңыз.

Бөлмелерді, балконды мұқият тексеріп, баспалдақ алаңына қараңыз. Егер үйде бірдеңе өртеніп жатса, бірақ оны өзіңіз сөндіре алмасаңыз, тез арада пәтерден шығуыңыз керек. Есіңізде болсын: улы түтін өрттен әлдеқайда қауіпті. Мұрын мен ауызды дымқыл сүлгімен немесе шүберекпен жабыңыз. Егер бөлме іші көк түтін болса, шығуға қарай төрт аяқтап жүріңіз.

Жедел түрде 101 немесе 112 телефондарына хабарласып өрт туындағаны туралы хабарлап, диспетчерге мекенжайын, атыжөнін, орналасқан жерін (үй, кіреберіс, еден, пәтер, бөлме) не және қалай өртенгенін түсіндіріңіз. Содан кейін құтқарушылардың сұрақтарына нақты жауап беріңіз. Олар үйге қалай жылдам жетуге болатынын, көлікті қайда қоюға болатынын, үйде қанша қабат бар екенін, кіреберістің есігі құлыптаулы ма деп сұрауы мүмкін. Егер солай болса, домофоннан кодты хабарлаңыз немесе оны өзіңіз ашыңыз.

Пәтерден шыққан кезде есіктерді мықтап жабыңыз, мүмкіндігінше электр құрылғылары мен электр қуатын өшіріңіз. Көршілерді міндетті түрде ескертіңіз. Лифтпен қолданбаңыз, баспалдақпен абайлап төмен түсіңіз! Бұл өлімге әкелуі мүмкін! Кейін үйдің қасында қалып өрт сөндірушілердің келуін күтіңіз.

Егер бала үйдің өртеніп жатқанын байқаса, оны мүмкіндігінше тезірек сөндіруге ықпал етуді білуі керек. Осы туралы әрбір азамат отбасында алдын ала әңгімелесіп, ондай жағдайда не істеу керектігін түсіндіргені жөн.

Өртті жоюдың әртүрлі жолдары бар. Мәселен, қоқыс жәшігінде жанып тұрған жалынды шелекке немесе кастрюльге су толтырып тез өшіруге болады. Жанып тұрған сүлгіні, қолғапты және басқа да жанғыш заттарды раковинаға абайлап лақтырып, сумен толтыру керек. Егер табада май жанса, ыдысты қақпақпен тез жабу керек. Ешқандай жағдайда отты сумен жоюға тырыспаңыз!

Егер электр құрылғысы немесе сымдар жанса, пәтерді электр энергиясынан дереу ажыратыңыз. Мұндай өртті гүл құмыралардағы құммен, кір жуғыш ұнтағымен немесе тығыз синтетикалық емес матадан жасалған көрпенің көмегімен сөндіруге болады.

Дария БАЙЗУЛОВА, Астана қаласы Алматы аудандық Төтенше жағдайлар басқармасының инженері, азаматтық қорғау старшинасы

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Астана-Энергия» АҚ 2023 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың алдында жылу энергиясын өндіру бойынша реттеліп көрсетілетін қызмет түрі жөніндегі есептің жүргізілгені туралы хабарлайды:

1. Табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері: «Астана-Энергия» АҚ, мекенжайы Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, 2-ЖЭО 69-өтпе жол, 18-ғимарат.
2. Өткізілетін күні мен орны: **2024 жылғы 25 сәуірде сағат 11.00-де**, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, 2-ЖЭО 69-өтпе жол, 18-ғимарат мекенжайы бойынша.
3. Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: Жылу энергиясын өндіру.

Астана қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірінші төрағасы, Астана қаласы Ақсақалдар кеңесінің экс-төрағасы

Өмірбек Байгелдінің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚЫРҒЫЗ КИНОСЫНЫҢ БЕТАЛЫСЫ ҚАНДАЙ?

Наурыз айында басталған Қырғыз киносы күндері Астанада жалғасын тапты. Аталған мәдени іс-шара аясында Қырғызстанның Қазақстандағы елшілігінің мұрындық болуымен «Пейіш. Жұмақ – ана табанының астында» киносы көрсетілді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Іс-шараға Қырғыз Республикасының Қазақстандағы елшісі Дастан Дюшекеев, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Сейітова, ҚР Сыртқы істер министрлігінің, қырғыз диаспорасының өкілдері қатысты. «Бірлескен мәдени іс-шаралар өткізу екі ел арасындағы мәдени қарым-қатынасты күшейтуге серпін береді. 25 наурыз Алматы қаласында «Дарақ ыры» фильмі көрсетілсе, бүгін Астана жұртшылығына қырғыз киносының үздік туындыларын көрсетуге мүмкіндік туды. Мақсатымыз – бауырлас елдер арасында келісім мен бірлікті одан әрі нығайтып, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеу. Сәуір айында елордада бір қыдыру іс-шаралар өткізу жоспарлаған. Соның ішінде аты аңызға айналған «Манас» батырдың ескерткішін ашу, екі елдің ақсақалдары мен шығармашылық интеллигенциялары қатысқан дөңгелек үстел отырысын өткізу де бар» деді Күміс Сейітова.

Екі елдің мәдени байланысын нығайтып, көрші елдер кино өндірісі саласына өзара қолдау көрсету мақсатында премьерасы Наурыз мерекесі қарсаңында Қырғызстан мен Қазақстан кинотеатрларында бірдей өткен бұл фильмде ақыл-ойы дамымай қалған жігіттің өмірі, ана мен баланың махаббаты бейнеленген. Кинокартинаның бір бөлігі Қазақстан аумағында түсіріліп, қазақ актерлері де рөлдерді сомдаған.

Айта кетейік, «Пейіш» киносымен қатар, астаналықтарға қырғыздың комедиялық жанрдағы «Тенирберди» (Тәңірберді) фильмі де көрсетілді. Соңғы кездері Қазақстан мен Қырғызстанның киноөндірушілері бірлесіп, «Үкім» фильмі сияқты бірнеше жобаны жүзеге асырды.

«ТОЛЫҚ АДАМ» – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Назарбаев Университетінде Ұлттық мәдениет орталығы мен студенттермен жұмыс жасау департаментінің ұйымдастыруымен «Хакім Абайдың музыкалық мұрасы» атты семинар-тренинг өтті.

Назарбаев Университеті студенттерге адамгершілік, патриоттық тәрбие беруде 2023 жылдан бері ресми түрде Абайдың «Толық адам» ілімін қолданып, барлық өткізілетін іс-шаралардың өзегіне нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі рухани код ретінде қолдануда. Бұған дейін екі семинар-тренинг өтті. Алғашқысын «Толық адам» және Әділет» атты тақырыппен Назарбаев Университетінің профессоры, Ұлттық мәдениет орталығының директоры Гүлтас Құрманбай, екіншісін «Жарым адамнан – толық адамға» атты тақырыппен абайтанушы ғалым, Сұлтан Ыбырай өткізді. Семинар-тренингке Назарбаев университетінің пофессорлары мен студенттерінен басқа Астана қаласының Білім басқармасының атсалысуымен мектеп басшылары, мұғалімдер, басқа жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары, Ұлттық құндылықтар академиясының, БАҚ-тың өкілдері қатысты. Үлкен қызығушылық танытқан тыңдармандар өздерінің көп сұрақтарына жауап алды.

Абайдың музыкалық шығармалары Абайтану саласының сүбелі бір бөлігін құрайды. Ерекше дарын иесі, ұлы ақын Абай – қазақ поэзиясын қаншалықты биік шыңға көтерсе, ұлттық музыка өнерінде де жаңаша соқпақ сала білді. Дәстүрлі халықтық музыкаға соны түр, жаңаша екпін, ерекше нақыш әкелді. Сол кездегі халықтық дәстүр бойынша, Абай әндері біреуден-біреу үйреніп, ауыздан-ауызға тарап отырды. Музыкалық жазба мәдениет болмаса да, Абай әндері бізге толық жетті. Оның басты себебі, әндерінің халық арасында кең таралып, тыңдаушылар жүрегінде өшпестей орын алуында. Мелодиялық, ырғақтық, формалық, интоннациялық өлең өлшемдерінің жаңашылдығы тұрғысынан Абай әндері өзіне дейінгі қазақтың халық әндері мен халық композиторларының музыкалық тілінен ерекшеленіп тұрды.

Зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, Абай 60-қа жуық (нұсқаларын қосқанда) ән шығарыпты. Ақынның философиялық, көркемдік дүниетанымына оның композиторлық талантының да ерекше әсері болғандығы анық. Себебі күй мен ән – тікелей эмоцияның, жүректің әрекеті. «Толық адамда» жүрекке басымдылық берген Абай «жүрегінде» әуен мен эмоция үндестігі бар. Семинарда Абай әндерінің жаңашылдығы, оның зерттелуі, қазіргі таңдағы насихатталуына талдау жасалды. Хакім Абайдың музыкалық мұрасы арқылы «ән – халықтың жаны» екендігі айқындалды. Сондай-ақ еркін диалогқа, тыңдармандардың өздерінің көзқарастары мен пікірлерін ортаға салуларына мүмкіндік берілді.

Ұлжан ҚОҚЫБАСОВА,
Ұлттық мәдениет орталығының аға менеджері

«SHOCK ҚЫЗДАР»-ға АЙНАЛҒАН «ПРИМАДОННАЛАР»

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында кезекті премьера өтті. Өнер ұжымы американдық драматург, продюсер, режиссер Кен Людвигтің «Примадонналар» туындысын «Shock қыздар» атауымен ұсынды. Қуат Ежембек қазақ тіліне аударған комедия жанрындағы қойылымның қоюшы режиссері – Ерназар Жаңатілек.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қу құлқын не істетпейді? Жоқшылықтан әбден титықтаған Лео («Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Асылхан Төлепов) мен Джек (Ақеділ Иманғали) есімді екі жас әртіс газеттен өлім аузында жатқан Флоренс Снайдер (Айдана Жетешова) деген қарт миллионердің балалық шағында жоғалған жиендерін іздеп жүргенін оқып қалады да, бұл олардың жалғыз мүмкіндігі екенін түсініп, тәуекелге бел байлайды. Екеуін бұл үшін әйел кейпіне енуі керектігі де тоқтатпайды, себебі жоғалған жиендер – Максин мен Стефани есімді қыздар. Оларға кездейсоқ сол жиендер шыққан Пенсильвания штатындағы Йорк қаласының тұрғыны Одри (Жәнел Есенгелдина) жолығып, Максин мен Стефани туралы мәліметті (ата-аналары есімдерін, ерекшеліктерін) содан біліп алады. Егер бұл қулық сәтті жүзеге асса, Лео мен Джек әрқайсысы бір миллион долларға ие болады.

Сол үмітпен қос әртіс Йоркке келетіндері жөнінде жеделхат жібереді. Бұған бөлелері Мәг (Арелана Амангельдиева) қатты қуанады. Максин мен Стефанидің табылуымен ол мұрагерлік ақшаның бір бөлігінен айырылатыны да оны қайғыртпайды. Бірақ Мәгтің жігіті Дунканның (Ернар Мұхамбет) жүрегіне күдік ұялап, табылған жиендер жиендер емес, алаяқтар емес пе деп дұрыс ойлайды. Қойылымда құлқынның қамын ойлайтын тағы бір кейіпкер бар. Бұл – қарт миллионердің жеке дәрігері доктор Майерс (Мақсат Қабдеш). Ол баю үшін ұлы Бучты (Мағжан Омар) табылған жиендердің біріне үйленуге үгіттейді. Бірақ аққөңіл Буч Одриге ғашық.

Жалпы комедияда басты орынға махаббат шығып, махаббаттың мақсаты байлық емес екеніне емеурін білдіріледі. Лео Мәгке, Джек Одриге ғашық болып қалады. Ал өтіріктері ашылғанда Флоренс Снайдер отбасы қос әртісті кешіреді, ғашықтар бір-біріне қосылады. Спектакль ертегі сияқты жақсылықпен аяқталады.

Көрерменді күлкіге қарық қылатын қойылымда сценография және киім суретшісі Арна Алпыспаеваның, қоюшы балетмейстер Камила Бузанованың еңбектерін атап өту керек. Сахнада басы артық ештеңе болмай, әдемі безендірілді. Кейіпкерлердің биі жарасымды болды. Жалпы жеке өзімізді спектакльдің өзі мен оқиғасы емес, әртістердің ойыны тәнті етті. Бәрі де жандарын сала ойнап, көрермендерге жақсы әсер сыйлады. Осы премьераны енді 11-12 сәуір күндері тамашалауға болады.

ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

Түркияның Анталья қаласында пара дзюдодан өткен дәстүрлі халықаралық «Grand Prix – 2024» турнирінде елордалық спортшы Ерғали Шәмей қола жүлдегер атанды.

Пара дзюдодан Қазақстан құрамасының көшбасшыларының бірі саналатын Ерғали Шәмей 73 келіге дейінгі салмақта J1 санатында үздік үштікке ілікті.

Астана қаласындағы «Жігер» спорт клубында жаттығатын балуан осыған дейін әлем кубогы жарысында, сондай-ақ бірқатар халықаралық жарыстарды жүлдегер атанған.

ФИНАЛДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Қырғызстан астанасы Бішкек қаласында есту қабілеті бұзылған спортшылар арасында таеквондодан II әлем чемпионаты аяқталды. Байрақты бәсекеге әлемнің 20 елінен 190-нан астам спортшы қатысты.

Дүбірлі додада Астана қаласының спортшысы Руслан Ахметов 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, күміс жүлдеге қол созды.

«Қарсыластар өте мықты болды. Жарыста бірнеше елдің спортшыларымен сынға түстім. Жетістікке жетуіме себепкер болған жаттықтырушыма алғыс білдіремін. Ол маған үлкен үміт артатынын айтып, алдыға қарай өрлеуіме дем береді. Бұл әлем чемпионатына бапкерім екеуміз 6 ай көлемінде дайындалдық. Соның нәтижесінде екінші орын алдым. Өте қуаныштымын. Алдағы уақытта тағы шыңдалып, ел намысын абыроймен қорғайтын боламыз. Бұл – тек бастамасы» деді әлем чемпионатының күміс жүлдегері.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №41
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**